

Регистрационный
№ KZ71VPY00092356

ISSN 1561-4212
ISSN 2789-8210 (Online)
№ 2(104), июнь, 2024

Ғылыми журнал

Д. Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан
техникалық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Восточно-Казахстанского
технического университета
им. Д. Серикбаева

Научный журнал

BULLETIN

of D. Serikbayev
East Kazakhstan
technical university

Scientific journal



1999 жылдан бастап шығады
Издается с 1999 года
Founded in 1999

—◆—
Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published 4 times a year

Өскемен, 2024
Усть-Каменогорск, 2024
Ust-Kamenogorsk, 2024

Бас редакторы

С.Ж. Рахметуллина

техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Редакция алқасы:

Бас редактордың орынбасары:

Н.Ф. Денисова, физика-математика ғылымдарының кандидаты,
Жауапты хатшы – О.Н. Николаенко

Алқа мүшелері:

У.Б. Абдикерова, Dr.PhD (Қазақстан)
Абрахам Атта Огву, профессор (Ұлыбритания)
Д.Л. Алонцева, ф.-м.ғ.к., профессор (Қазақстан)
Бешо Масахико, Dr.PhD, профессор (Жапония)
И.А. Бессмертный, т.ғ.д., профессор (Ресей)
Вальдемар Войчик, т.ғ.д. (Польша)
С.А. Выжва, г.ғ.д., профессор (Украина)
М.В. Дудкин, т.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Н.К. Ердыбаева, ф.-м.ғ.д. (Қазақстан)
В.А. Кескинов, т.ғ.к., доцент (Ресей)
Ю.В. Крак, т.ғ.д., профессор (Украина)
О.Н. Кузмина, Dr.PhD, қауымдастырылған профессор (Қазақстан)
Н.А. Куленова, т.ғ.к., профессор (Қазақстан)
В.И. Логанина, т.ғ.д., профессор (Ресей)
С.В. Мамяченков, т.ғ.д., профессор (Ресей)
Игнасио Менендес Пидаль де Наваскес, профессор (Испания)
М. Млынчак, Dr. hab, профессор (Польша)
А.Д. Погребняк, ф.-м.ғ.д., профессор (Украина)
Н.В. Прохоренкова, Dr.PhD (Қазақстан)
М.Д. Старостенков, ф.-м.ғ.д., (Ресей)
Я. Стрычек, Dr. hab, профессор (Польша)
А.С. Тулебекова (Қазақстан)
С.В. Хромых, г.-м.ғ.д. (Ресей)
Н.А. Чарыков, х.ғ.д., профессор (Ресей)
Ю.Н. Шапошник, т.ғ.д., профессор (Ресей)

© Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан
техникалық университеті, 2024

Главный редактор

С.Ж. Рахметуллина

кандидат технических наук, ассоциированный профессор

Редакционная коллегия:

Заместитель главного редактора:

Н.Ф. Денисова, кандидат физико-математических наук,
Ответственный секретарь – О.Н. Николаенко

Члены коллегии:

У.Б. Абдикерова, Dr.PhD (Казахстан)
Абрахам Атта Огву, профессор (Великобритания)
Д.Л. Алонцева, к.ф-м н., профессор (Казахстан)
Бешо Масахико, Dr.PhD, профессор (Япония)
И.А. Бессмертный, д.т.н., профессор (Россия)
Вальдемар Войчик, д.т.н. (Польша)
С.А. Выжва, д.г.н., профессор (Украина)
М.В. Дудкин, д.т.н., профессор (Казахстан)
Н.К. Ердыбаева, д.ф-м.н. (Казахстан)
В.А. Кескинов, к.т.н., доцент (Россия)
Ю.В. Крак, д.т.н., профессор (Украина)
О.Н. Кузьмина, доктор PhD, асс. профессор (Казахстан)
Н.А. Куленова, к.т.н., профессор (Казахстан)
В.И. Логанина, д.т.н., профессор (Россия)
С.В. Мамяченков, д.т.н., профессор (Россия)
Игнасио Менендес Пидаль де Наваскес, профессор (Испания)
М. Млынчак, Dr. hab, профессор (Польша)
А.Д. Погребняк, д.ф.м.н., профессор (Украина)
Н.В. Прохоренкова, Dr.PhD (Казахстан)
М.Д. Старостенков, д.ф-м.н., (Россия)
Я. Стрычек, Dr. hab, профессор (Польша)
А.С. Тулебекова (Казахстан)
С.В. Хромых, д.г.-м.н. (Россия)
Н.А. Чарыков, д.х.н., профессор (Россия)
Ю.Н. Шапошник, д.т.н., профессор (Россия)

© Восточно-Казахстанский технический
университет им. Д. Серикбаева, 2024

Chief Editor

Candidate of Technical Sciences, Associate Professor –

S. Rakhmetullina

Editorial Team:

Deputy Chief Editor

Natalya Denissova, Candidate of Physical and Mathematical Sciences,
Executive Secretary – Oksana Nikolaenko

Members of Team:

Uliya Abdikerova, Dr. PhD (Kazakhstan)
Abraham Atta Ogwu, professor (Great Britain)
Darya Alontseva, Candidate of Phys.-math. sciences, professor (Kazakhstan)
Masahiko Bessho, Dr.PhD, professor (Japan)
Igor Bessmertnyy, Dr. techn. sciences, professor (Russia)
Waldemar Wojcik, Dr. techn. sciences, professor (Poland)
Sergey Vyzhva, Geophysics Dr. geolog. sciences, professor (Ukraine)
Mikhail Dudkin, Dr. techn. sciences, Professor (Kazakhstan)
Nazgul Yerdybayeva, Dr. phys.-math. sciences, professor (Kazakhstan)
Viktor Keskinov, PhD in Chemistry sciences (Russia)
Yuri Krak, Dr. techn. sciences, Professor (Ukraine)
Oxana Kuzmina, Dr.PhD, Assistant professor (Kazakhstan)
Natalya Kulenova, Cand. techn. sciences, Professor (Kazakhstan)
Valentina Loganina, Dr. techn. sciences, Professor (Russia)
Sergey Myamyachenkov, Dr. techn. sciences (Russia)
Ignacio Menéndez-Pidal de Navascués, Professor (Spain)
Marek Mlynček, Dr. hab, professor (Poland)
Aleksandr Pogrebnyak, Dr. phys.-math. sciences, professor (Ukraine)
Nadezhda Prokhorenkova, Dr.PhD (Kazakhstan)
Mikhail Starostenkov, Dr. phys.-math. sciences, professor (Russia)
Jarosław Strycek, Dr. hab, professor (Poland)
Assel Tulebekova (Kazakhstan)
Sergey Khromykh, Dr. geolog.-mineral. sciences (Russia)
Nikolay Charykov, Dr. of Chemistry (Russia)
Yuri Shaposhnik, Dr. techn. sciences, professor (Russia)



ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ІС
ИНЖЕНЕРИЯ И ИНЖЕНЕРНОЕ ДЕЛО
ENGINEERING AND ENGINEERING

МАТЕРИАЛТАНУ
МАТЕРИАЛОВЕДЕНИЕ
MATERIAL SCIENCE

DOI 10.51885/1561-4212_2024_2_5
MFTAA 67.09.33

**А.М. Аскербекова¹, Д.С. Дюсембинов¹, Н.К. Скрипникова²,
А.Д. Алтынбекова¹, Г.М. Изтлеуов³**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

*E-mail: arai_09.91@mail.ru**

E-mail: dusembinov@mail.ru

E-mail: kleo-14@mail.ru

²Томск мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті, Томск қ., Ресей

E-mail: nks2003@mail.ru

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

E-mail: gani5@mail.ru

КЕШЕНДІ МОДИФИКАЦИЯЛАНҒАН ҚОСПАНЫҢ КӨБІКТІ БЕТОН ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ САПАСЫНА ӘСЕРІ

ВЛИЯНИЕ КОМПЛЕКСНОЙ МОДИФИЦИРОВАННОЙ ДОБАВКИ НА КАЧЕСТВО ПРОИЗВОДСТВА ПЕНОБЕТОННЫХ ИЗДЕЛИЙ

THE EFFECT OF A COMPLEX MODIFIED ADDITIVE ON THE QUALITY OF THE PRODUCTION OF FOAM CONCRETE PRODUCTS

Аңдатпа. Құрылыс саласының қарқынды дамуы және құрылыс материалдарының жаңа түрлеріне үлкен сұранысты ескере отырып, мақалада авторлар бетонның құрылымына жағымды әсер ететін пластификаторлық әсері бар кешенді модификацияланған қоспаны ұсынды. Мақалада өртүрлі пайыздық мөлшердегі кешенді модификацияланған қоспаның цемент қамырының ұстасу мерзіміне әсерін анықтау үшін жасалған зертханалық тәжірибе нәтижелері көрсетілген. Сондай-ақ жұмыста цемент қамырының ұстасу мерзімін анықтау әдістемесі, өртүрлі пайыздық көлемдегі кешенді модификацияланған қоспаны дайындау технологиясы баяндалған. Бұл мақалада жоспарланған құрамды қоспа алу үшін этил спирт өндірісінің қалдығы (спирттік кейінгі барда), қатуды тездеткіш (гипс) және сілті (каустикалық сода) қолданылды. Тәжірибе нәтижесінде натрий қосылысы спирттік кейінгі барданы бейтараптандырып, гипспен әрекеттескенде цемент қамырының физикалық-химиялық қасиеттеріне әсер етіп, синергетикалық эффект тудыратындығы анықталды. Қоспаның пластификаторлық әрекеті арқасында ұстасу мерзімінің басы мен соңы арасындағы аралық қысқарып, бұйым жасау процесінің қарқындылығы күшейді. Кешенді модификацияланған қоспа цемент қамырының беріктігі мен төзімділігі жоғарылады. Модификацияланған қоспаны қосқанда ұстасудың басталуы 1 сағат 29 минуттан 30 минутқа дейін және ұстасудың соңы 4 сағат 55 минуттан 2 сағат 15 минутқа дейін азайып, ең жақсы нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, бақылаумен салыстырғанда қоспалары бар сынамалардағы судың мөлшері 35 %-ға азайған.

Түйін сөздер: цемент қамыры, спирттік кейінгі барда, модификацияланған қоспа, ұстасу мерзімі.

Аннотация. Учитывая быстрое развитие строительной отрасли и большой спрос на новые виды строительных материалов, в статье авторами было предложено комплексная модифицированная добавка с пластифицирующим действием, которое благоприятно

влияет на структуру бетона. В статье представлены результаты лабораторного эксперимента, проведенного для определения влияния комплексной модифицированной смеси в различных процентах на срок схватывания цементного теста. Также в работе описана методика определения сроков схватывания цементного теста, приготовление комплексной модифицированной смеси в различных процентных объемах. В данной статье для получения планируемой составной смеси применялся отход производства этилового спирта (послеспиртовая барда), ускоритель затвердевания (гипс) и щелочь (каустическая сода). В результате эксперимента было обнаружено, что соединение натрия нейтрализует послеспиртовую барду, вызывая синергетический эффект при взаимодействии с гипсом. Благодаря пластифицирующему действию смеси сократился интервал между началом и концом срока схватывания и усилилась интенсивность процесса изготовления изделия. Добавление модифицированной добавки дало наилучшие результаты, поскольку оно уменьшило время начального схватывания с (1 ч 29 мин) до (30 мин) и время окончательного схватывания с (4 ч 55 мин) до (2 ч 15 мин). Кроме того, по сравнению с контролем количество воды в образцах добавками уменьшилось на 35 %.

Ключевые слова: цементное тесто, послеспиртовая барда, модифицирующая добавка, сроки схватывания.

Abstract. Considering the rapid development of the construction industry and the great demand for new types of building materials, in the article the authors proposed a complex modified additive with a plasticizing effect, which favorably affects the structure of concrete. The article presents the results of a laboratory experiment conducted to determine the effect of a complex modified mixture in various percentages on the setting time of cement paste. The work also describes a method for determining the setting time of cement paste, the preparation of a complex modified mixture in various percentage volumes. In this article, waste from the production of ethyl alcohol (post-alcohol bard), solidification accelerator (gypsum) and alkali (caustic soda) were used to obtain the planned composite mixture. As a result of the experiment, it was found that the sodium compound neutralizes the post-alcohol bard, causing a synergistic effect when interacting with gypsum. Due to the plasticizing effect of the mixture, the interval between the beginning and end of the setting period was reduced and the intensity of the manufacturing process of the product increased. The addition of the modified additive gave the best results as it reduced the initial setting time from (1 hour 29 minutes) to (30 minutes) and the final setting time from (4 hours 55 minutes) to (2 hours 15 minutes). In addition, compared with the control, the amount of water in the samples with additives decreased by 35%.

Keywords: cement paste, post-alcohol bard, modified additive, setting time.

Кіріспе. Қазіргі таңда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдауымен қатар, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 жылдан 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыруда халықты сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету басты қадам болып табылады [1-2]. Осы мақсатқа жету үшін тұрғын үй бағдарламалары негізінде жоғары сапалы және бағасы жағынан қолжетімді ғимараттарды тұрғызу, сондай-ақ салынатын баспананың қоршаған орта әсеріне төзімділігін арттыратын шараларды қолдануымыз қажет [3]. Себебі заманауи құрылыстың негізі ретінде энергия шығындарын азайтатын, өмір сүру ортасының жайлылығын, қоршаған орта үшін қатерсіз және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылыс материалдары мен бұйымдарын пайдалану қарастырылып жатыр. Осындай құрылыс саласындағы оң өзгерістер өндірістік қалдықтарды қайта пайдаланып, жана қасиеттерге ие құрылыс бұйымдары мен материалдарын шығаруға әсер етуде [4].

Соның ішінде бүкіл құрылыстың негізі болып саналатын бетон материалын заманауи талаптарға сай жетілдіру, оның құрылымы мен қасиеттерін әртүрлі қоспалар қосып модификациялау, құрылыстың әрбір сатысында жасанды тасты пайдалана алу мүмкіндігін арттыру, қазіргі бетон технологиясының негізі болып саналады.

Заманауи бетон алу технологиясы бойынша сапалы жасанды тас жоғары дисперстілікке ие болып, бұдырлығы аз және құрылымы тұрақты болуы шарт [5]. Бетон – композициялық құрылыс материалы болғандықтан оның құрамының сапасын химиялық қоспалармен қатар, жергілікті компоненттерді қосып та жақсартуға болады және әртүрлі

қоспаларды қосу арқылы бұйымның төзімділігі, эксплуатациялық беріктігі мен экологиялық қауіпсіздігі артады [6, 7].

Осындай жоғары қасиеттерге ие бетон түрлерінің арасында жылу оқшаулағыш көбікті бетонның құрылыс саласында орны ерекше. Ол беріктігі жоғары, аязға төзімді, су сіңіргіштік және жылу өткізгіштік қасиеттерге ие, ұялы құрылымды құрылыс материалы болып табылады. Ол цемент пен судан жасалған қоспаны арнайы тұрақты көбікпен араластырып, қоспа қатайғанда пайда болатындығы белгілі.

Көбікті бетондарға қосатын көбікті дайындау үшін канифольды сабынды казеинді желіммен араластырады немесе алюмокуіртгінафтендер мен гидролизденген малдың қанынан алынатын препараттар пайдаланылады [8-9].

Жылу оқшаулағыш көбікті бетон аз қабатты ғимараттарды салуда, сондай-ақ шұғыл континенталды климаты бар өңірлерде құрылыс кезінде пайдалануға тиімді.

Жалпы көбікті бетон отқа төзімді, жоғары жылу, дыбыс және бу оқшаулағыш қасиеттерге ие материал ғана емес, сондай-ақ жасалу технологиясында өндірістік қалдықтарды пайдаланып, шикізатты аз қажет ететіндіктен, оның эффективтілігін арттырудың жолдары ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр [10-11]. Себебі көбікті бетонның беріктік сипаттамаларын, химиялық және физикалық агрессивті факторлардың әсеріне қарсы төзімділігін мен көбікті бетонды даярлауда әртүрлі байланыстырғыштарды қолдану арнайы жоспарланған кешенді модификацияланған қоспаны алуға мүмкіндік береді.

Көбікті бетон өндіруде тұрақты және серпімді көбік алу маңызды үрдіс болып саналса, осы процесті оңайлату, қоспаларды қосу арқылы көбіктің шөгуін төмендету, оны жетілдіру белгілі құрылымды көбікті бетон алуға мүмкіндік туғызады.

Құрылыс саласындағы жұмыстар қарқынын жылдамдату мақсатында суды азайтатын суперпластификатор, ұстасуды үдететін және қатаю тездететін қоспаларды бетонға қосып, арнайы жоспарланған кешенді модификацияланған қоспаны алу жолдарын қарастыру керек.

Біз зерттеу жұмысында өнеркәсіп қалдықтары негізіндегі автоклавсыз қататын жылу оқшаулағыш көбікті бетондар алу үшін оған қосылатын қоспалардан сынамалар дайындап, олардың оңтайлы мөлшерін цемент қамырының ұстасу мерзіміне әсерін анықтауымыз қажет.

Зерттеу мақсаты – әртүрлі пайыздық көлемдегі кешенді модификацияланған қоспаны дайындап, оның цемент қамырының ұстасу мерзіміне әсерін анықтау.

Жұмыстың міндеті – оңтайлы мөлшердегі кешенді модификацияланған қоспаның сынамаларын дайындап, алынған сынамалардың цемент қамырының ұстасу мерзіміне әсерін анықтау және олардың ішінен тиімдісін алу.

Мұндағы ұстасуды үдететін қоспа (гипс) – бетон қоспасының құрамында ұстасу мерзімін жылдамдатып, бұйымның беріктігі мен техникалық қасиеттерін жақсартады, ал оны пластификаторлармен қолданған жағдайда цемент қамырының ұстасу мерзімін бақылауда ұстап, материалдың иілгіштігін жоғарылатады [12-14].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Жұмыстың мақсаты мен міндетін орындап, зерттеуді жүргізу үшін талаптар мен стандарттарға сай келетін құрылыс материалдары қолданылды. Олар:

1. Цемент. Байланыстырғыш зат ретінде М400 маркалы портландцемент.
2. Модификацияланған қоспаның негізгі компоненті түрінде спирттік кейінгі барда (этил спирт қалдығы) 2,5 %, 5,0 %, 7,5 %, 10 %, еселік 2,5 % мөлшерде қолданылды. Ол «Талғар спирт зауыты» АҚ-дан сұйық күйде жеткізіледі.
3. Ұстасуды үдеткіш – цементтің салмағынан 1 %, 1,5 %, 2,0 %, 2,5 %, еселік 0,5 % мөлшерінде қатаю процесін тездететін гипс (ғаныш).
4. «Неопласт, арт.55» синтетикалық көбіктендіргіш. ТШ 2381-008-90275031-2011.

5. Каустикалық сода (NaOH). Спирттік кейінгі барда мөлшерінің 5 % құрайтын каустикалық сода.

Ал пластификатор қоспасы цементтің қату кинетикасына, ұстасу мерзіміне, суды азайту арқылы бетонның суға және суыққа төзімділігі, беріктігінің артуына әсер етеді. Сондықтан біз аталған қоспалардың ерекшелігін ескеріп, зерттеу жұмысында кешенді модификациялық қоспа құрамына гипс (қатаюды тездеткіш), этил спирт өндірісінің қалдығы (спирттік кейінгі барда) және сілті (каустикалық сода, NaOH) қолдандық. Арзан шикізат көзі болып табылатын спирттік кейінгі барда қышқыл орта болатындықтан, оны каустикалық содамен (NaOH) бірге пайдаланып бейтараптандырамыз. Гипс, сілті (натрий гидроксиді NaOH) мен пластификатор (спирттік кейінгі барда) бірге қолдану шығарылатын бұйымның физикалық-химиялық қасиетін жақсартатыны белгілі.

Зертханалық жағдайда кешенді модификацияланған қоспаның цемент қамырының ұстасу мерзіміне әсерін анықтау жұмысы екі кезеңде жүргізілді. Жұмыстың бірінші сатысында МемСТ 30744-2001 «Цементтер. Полифракциялық құмды қолдану арқылы сынау әдістері» талаптарына сәйкес модификацияланған қоспаны алу үшін қосылатын этил спирт өндірісінің қалдығы (спирттік кейінгі барда), қатуды тездеткіш (гипс) және сілтінің (каустикалық сода) жеке түрде стандартты консистенциялы қамырдың ұстасу мерзіміне (ұстасудың басталуы мен аяқталуы) қалай әсер ететіндігін зерттедік. Цемент қамырының қалыпты қоюлығын, бастапқы және соңғы ұстасу мерзімін 1-суретте көрсетілген Вика аспабымен анықтадық. Ал 1-кестеде тәжірибеде қолданылатын қоспалардың мөлшерлері көрсетілген.



1-сурет. Вика құрылғысында модификацияланған қоспаның әртүрлі құрамдас бөліктерінің сынақ үлгілері

1-кесте. Сыналатын үлгілердің сандық сипаттамалары

№	Сынамалар	Цемент, г	Гипс, г	Спирттік кейінгі барда, г	Каустикалық сода, г	Су, г
1	Үлгі 1 (Бақылау)	350	-	-	-	103,5
2	Үлгі 2 (ғаныш)	346,5	3,5	-	-	109,5
3	Үлгі 3 (спирттік кейінгі барда)	350	-	8,75	-	107
4	Үлгі 4 (каустикалық сода (NaOH))	350	-	-	0,44	109
5	Үлгі 5 (NaOH қосылмаған модификацияланған қоспа)	346,5	3,5	8,75	0,44	105

Зерттеу жұмысының екінші кезеңінде әртүрлі пайыздық мөлшерде алынған этил спирт өндірісінің қалдығы (спирттік кейінгі барда), гипсті цементпен араластырып, оған пеногенератордан өткен көбік қосылды. Алынған модификацияланған қоспаның үлгілері 2-суретте бейнеленген.



2-сурет. Модификацияланған қоспаның үлгілері

Цемент қамырының ұстасу мерзімін анықтау – бетон қоспасының ең маңызды параметрлерінің бірі болып табылады, өйткені бетонның одан әрі пайдалану қасиеттері оларға байланысты. Бұл әдіс цемент пен судың әрекеттесуінің нәтижесінде цемент қамырының қоюланып, ұстасуын тудырады. Әдебиеттерден ұстасу барысында цемент қамыры иілгіштігі мен өңдеу мүмкіндігінен айырылатындығын және ұстасудың басталуы 45 минуттан ерте емес, аяқталуы – цемент сумен араласқан сәттен бастап 10 сағаттан кешіктірілмей болатындығы белгілі [4].

Ұстасу мерзімін зерттеуде портландцементтен, қоспадан және судан тұратын алты араластыру коэффициентін (17 сынама) пайдалана отырып жүргізілді. Тек цемент, көбік пен судан тұратын сынама (үлгі 1) эталондық үлгі, яғни бақылау деп аталды, ал басқа үлгілерде қоспаның үлесі 2-кестеде көрсетілгендей өзгеріп отырды.

Зерттеу жұмысының барысында біз әрбір үлгінің компоненттері таразыда өлшеп, араластырғыш құрылғыда араластырып, Вика аспабы көмегімен сынама ұстасуының басталуы мен аяқталуы анықталды. Вика аспабы көмегімен сынақты өткізу үшін қалыпты консистенцияға қажетті су көлемін пайдалана отырып, белгілі бір тәртіпке сәйкес цемент қамыры дайындалған болуы керек [15].

Бақылау үлгісінде (100 % портландцемент, яғни ол 350 г және су мөлшері 105 г шамасында) болды. Тәжірибеге қажетті шикізат мөлшері 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Сыналатын заттардың құрамы мен сандық сипаттамалары

№	Сынамалар	Цемент, г	Гипс, г	Спирттік кейінгі барда, г	Көбіктендіргіш, г	Су, г
1	Үлгі 1 (Бақылау)	350	-	-	1,5	103,5
2	Үлгі 2-1	346,5	3,5	8,75	1,5	101,3202
	Үлгі 2-2	346,5	3,5	17,5	1,5	99,8207
	Үлгі 2-3	346,5	3,5	26,25	1,5	87,1204
	Үлгі 2-4	346,5	3,5	35	1,5	85,536

2-кестенің соңы

3	Үлгі 3-1	344,75	5,25	8,75	1,5	101,3202
	Үлгі 3-2	344,75	5,25	17,5	1,5	99,8207
	Үлгі 3-3	344,75	5,25	26,25	1,5	87,1204
	Үлгі 3-4	344,75	5,25	35	1,5	85,536
4	Үлгі 4-1	343	7	8,75	1,5	101,3202
	Үлгі 4-2	343	7	17,5	1,5	99,8207
	Үлгі 4-3	343	7	26,25	1,5	87,1204
	Үлгі 4-4	343	7	35	1,5	85,536
5	Үлгі 5-1	341,25	8,75	8,75	1,5	101,3202
	Үлгі 5-2	341,25	8,75	17,5	1,5	99,8207
	Үлгі 5-3	341,25	8,75	26,25	1,5	87,1204
	Үлгі 5-4	341,25	8,75	35	1,5	85,536


Нәтижелері және оларды талқылау. Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде 5 сынама дайындалып, олардың әрқайсысында ұстасудың басталу мерзімі анықталды және алынған нәтижелер диаграммада көрсетілді.

3-суреттегі тәжірибе нәтижелері бойынша бақылаумен салыстырғанда модификацияланған қоспаның әрбір компонентінде ұстасу мерзімінің басталуы әртүрлі болған. Каустикалық сода қосылмаған кешенді модификацияланған қоспада цемент қамырында ұстасу мерзімінің басталуы 1 сағат 29 минут болып, басқа үлгілерге қарағанда ең жақсы көрсеткіш көрсеткен. Бұл ұстасу мерзімінің ерте басталғандығын көрсетеді. Ал спирттік кейінгі барда қосылған үлгіде 2 сағат 6 минут, ал тек каустикалық сода қосылған үлгіде 2 сағат 14 минутты көрсетті. Ұстасу мерзімінің басталуы гипс қосылған сынамада 2 сағат 50 минут болса, бақылауда 3 сағат 22 минут болды. Қалыпты жағдайда ешқандай қоспасыз цемент қамырында ұстасу мерзімі 3 сағат 22 минутта басталып, кешенді модификацияланған қоспасы бар сынамаға (1 сағат 29 минут) қарағанда біршама ұзақ мерзімді қамтыған. Цемент қамырына қосылатын қоспалардың әрқайсысы белгілі бір рөл атқаратынын ескерсек, спирттік кейінгі барда мен гипсті жеке-жеке қолданудың орнына, бірге модификацияланған қоспа құрамында пайдалану жоғары тиімділікті көрсететіп, ұстасу мерзімін үдететіндігін байқауға болады [16]. Бұл тәжірибе бойынша ұстасу мерзімін төмендету құрылыстың уақытын қысқартып, уақыт мен энергияны үнемдеуге мүмкіндік туғызады.

Тәжірибенің екінші кезеңінде 17 сынаманың нәтижелері 4-суретте бейнеленген және ондағы диаграммада бірінші шың (пик) ұстасудың басталуын, ал екіншісі аяқталуын көрсетіп тұр. Салыстырылып жатқан құрамдардың үлгілері төменнен жоғарыға қарай өсу тәртібінде орналасса, салыстыру жүргізіліп отырған қоспасыз бақылау нұсқасы үлгі 1-ге сәйкес келіп отыр.

Тәжірибеде қолданатын қоспаларды таңдау, олардың әсер ету тетігі арқылы анықталды. Спирттік кейінгі барда гидрофильді және гидрофобты қасиеттерге ие. Сонымен қоса спирттік кейінгі барданың пластификаторлық әсері болғандықтан, ол су-цемент қатынасын төмендетеді, бетон қоспасының қозғалғыштығын сақтайды, құрылымдарға (конструкция) беріктік пен төзімділік беріп, цемент қамырының қолайлы жайылуын тудырады.

Бұл қоспа цемент бөлшектерінің беттерін дымқылдатып, су-цемент қатынасының төмендеуіне алып келеді. Цемент массасының гидратациясы, ұстасуы және қатаюу процесстеріне әсер ету механизмдері жақсы үйлесетін кешенді қоспаны бірлесіп қолдану қоспаның әрбір ингредиентінің әсерін өзара толықтырады және күшейтеді.



3-сурет. Модификацияланған қоспадағы әртүрлі компоненттердің ұстасу мерзімінің нәтижелері

Кешенді модификациялық қоспаның цемент қамырының ұстасу мерзіміне әсері көп жағдайда қосындылардың дозасына байланысты екенін атап өткен дұрыс. Зерттелетін композициялардың әсері олардың құрамында дәстүрлі түрде цемент қамырын қатайтқышы болып табылатын гипстың және гидратация кезінде судың енуіне жол бермейтін цемент бөлшектерінде қабықшаларды құрайтын қоспалардың болуына байланысты болуы мүмкін.

4-суреттегі зерттеу нәтижелерінен ұстасудың басталуы ғана емес, аяқталуыда қысқарып келе жатқанын көруге болады. Кешенді қоспа жүйеге қатты әсер етіп, мөлшерді көбейткенде қоспасы жоқ бақылаумен (үлгі 1) салыстырғанда цементтің ұстасу үрдісі күрт қысқарады және 3 және 7 тәулікте гидратацияның ерте мерзімінде цементтің ұстасуын күшейтеді.


Диаграмма бойынша, қоспа қосылмаған бақылауда (үлгі 1) ұстасу мерзімінің басталуы 2 сағат 50 минутта болса, ұстасудың аяқталуы 6 сағат 20 минутты көрсеткен, ал үлгі 2-1-де ұстасудың басталуы 1 сағат 29 минутты, ұстасудың аяқталуы 4 сағат 55 минутта болды. Қоспа қосылған үлгі 2-1-де бақылауға қарағанда ұстасудың басталуы 1 сағат 21 минут ерте басталса, ұстасудың аяқталуы 1 сағат 25 минутқа қысқарған.

Үлгі 2-1, үлгі 2-2, үлгі 2-3 және үлгі 2-4-тің арасынан ең жақсы нәтиже цемент қамырына 1,0 % гипс (стандартты цемент салмағы бойынша) пен 10 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосылған үлгі 2-4-де ұстасудың басталуы – 55 минут, аяқталуы - 4 сағат 25 минутты құраған.

Үлгі 3-1. Цемент қамырына 1,5 % гипс (стандартты цементтің салмағы бойынша) және 2,5 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосқанда, ұстасудың басталуы 1 сағат 10 минут және ұстасудың аяқталуы сәйкесінше 4 сағат 10 минут болды.

Үлгі 3-2. Цемент қамырына 1,5 % гипс (стандартты цементтің салмағы бойынша) және 5,0 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосқанда, ұстасудың басталуы 55 минут және ұстасудың аяқталуы сәйкесінше 3 сағат 55 минут болған.

Үлгі 3-3. Цемент қамырына 1,5 % гипс (стандартты цементтің салмағы бойынша) және 7,5 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосқанда, ұстасудың басталуы 1 сағат 05 минут және ұстасудың соңы сәйкесінше 4 сағат 10 минутты құрады.



4-сурет. Цемент қамырының ұстасу мерзімін зерттеу нәтижелері

Үлгі 3-4. Цемент қамырының 1,5 % гипс (стандартты цементтің салмағы бойынша) және 10 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосқанда, ұстасудың басталуы 35 минутты құрап, ұстасудың соңы 3 сағат 15 минутты құрады.

Үлгі 4-1, үлгі 4-2, үлгі 4-3, үлгі 4-4 арасында ең жоғары көрсеткіш цемент қамырына 2,0 % гипс (стандартты цементтің салмағы бойынша) және 10 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосылған үлгі 4-4 болды. Онда ұстасудың басталуы 35 минут, ал аяқталуы 2 сағат 30 минутты көрсетті. Бұл көрсеткіш бақылаумен салыстырғанда ұстасудың басталуын 2 сағат 15 минутқа, ал ұстасудың аяқталуын 3 сағат 50 минутқа қысқартып, ұстасу мерзімінің жылдам жүргенін көрсетіп тұр.

Үлгі 5-1, үлгі 5-2, үлгі 5-3, үлгі 5-4 арасында жоғары көрсеткіш 5-3 және 5-4 үлгілі сынамаларда көрсетілген. Ол бойынша үлгі 5-3-те цемент қамырына 2,5 % гипс (стандартты цементтің салмағы бойынша) және 7,5 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосылғанда, ұстасудың басталуы 35 минут, ал аяқталу уақыты 2 сағат 35 минутқа тең болған.

Үлгі 5-4-те цемент қамырына 2,5 % гипс (стандартты цементтің салмағы бойынша) және 10 % қоспа (спирттік кейінгі барда) қосқанда, ұстасудың басталуы 30 минут, ұстасудың аяқталуы 2 сағат 15 минутты көрсеткен. Барлық аталған үлгілердің ішінде ең жоғары көрсеткіш үлгі 5-4-те анықталған. Ол бойынша бастапқы бақылаудағы ұстасу уақытының басталуы 2 сағат 50 минуттан 30 минутқа азайса, ұстасудың аяқталу мерзімі 6 сағат 20

минуттан 2 сағат 15 минутқа қысқарған. Бұл өз кезегінде ұстасудың басталуы мен аяқталуы арасындағы уақыттың қысқаруы, цементтің ұстасу мерзімінің азайғандығын және құрылысқа жұмсалатын уақыттың кемитіндігін көрсетеді.

Нәтижелерден көрініп тұрғандай, цемент ерітіндісіндегі қоспаның максималды пластификаторлық әсері су-цемент қатынасы = 0,3 тең болып, цементтің массасынан 1,5-2,5 % (гипс) және 5-10 % (спирттік кейінгі барда) концентрацияда қол жеткізіледі. Қоспаны ерітінді қоспасына енгізгенде пластификаторлық әсер көрсетіп, оны бақылау құрамымен салыстырғанда су-цемент қатынасын 10 % төмендетуге мүмкіндік береді. Цемент қамырының пластификациялану көрінісі цементтің дисперсті бөліктерінің бетінде гидрофобты молекулалардың сіңірілуімен түсіндіріледі. Ерітінді қоспалардың ұстасу мерзімі олардағы қоспалар концентрациясына тәуелді. Цемент қамырындағы қоспа концентрациясын 10 % (спирттік кейінгі барда) дейін және цемент массасынан 2,5 % (гипс) дейін көбейткенде цемент қамырының ұстасу және қату мерзімі қысқарып, цемент ерітіндісінің сұйылту үрдісіне әсер етіп қана қоймай, сондай-ақ жасанды тасты қысқандағы беріктікті арттырады.

4-суреттегі графикті талдағанда, қоспасы бар сынамада ұстасудың басталуы бақылауға (үлгі 1) қарағанда 1 сағат 29 минуттан 30 минутқа дейін, ал ұстасудың аяқталуы 6 сағ 20 минуттан 2 сағат 15 минутқа қысқарғанын байқауға болады. Бұл жағдай бақылауға (үлгі 1) қарағанда қоспасы бар сынамалар жоғары тиімділікке ие екенін көрсетеді. Суреттегі қоспалардың барлығында бірдей эффект бар, бірақ олардың тиімділігі әртүрлі. Кешенді қоспаны қосқанда тек цементтен тұратын сынамаға қарағанда ұстасу мерзімі 30 % қысқарған, бірақ цемент қамырының ұстасу мерзімінің ұзақтығы өзгеріссіз қалады, өйткені ұстасу мерзімі ұстасудың аяқталу уақытын азайту арқылы кемиді. Бұл ретте ұстасудың басы мен соңы арасындағы аралық 40 %-ға қысқарады. Бұл көрсеткіш құрамында цементі бар композициялардың сумен қатайғанда қоспаның болуына қарай реттеуге болатын уақыт шегінде пластификаторлық күйді сақтауға және құрылыс жұмыстарының қарқынын жылдамдатуға алып келетін тез ұстасуына орай құрғақ құрылыс қоспалары үшін маңызды.

Зертханалық тәжірибе барысында алынған нәтижелердің ішінде қоспа қосылған үлгі 5-4-те ұстасудың басталуы 30 минутты көрсеткені белгілі, бұл көрсеткішке ие болған сынама көбік бетон алуда ыңғайлы мөлшердің бірі. Себебі көбік бетон алуда ұстасу мерзімін анықтау маңызды болғандықтан, цемент қамырын дайындап, оған көбікті қосарда ұстасудың бас мен соңын ескеру қажет.

Жоғарыда қарастырылған тәжірибенің нәтижелері бойынша кешенді модификацияланған қоспаны қолдану тиімді екені және онда қосылатын компоненттердің мөлшері оңтайландырылғанда синергетикалық эффект көрсетіп, ұстасудың басы мен соңы арасындағы аралық қысқарып, құрылыс жұмыстарының қарқыны артатыны анықталды.

Қорытынды. Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген тәжірибенің нәтижелерін қорытындылай келе, спирттік кейінгі барда, гипсті цемент қамырында жеке-жеке пайдаланғанға қарағанда, оларды бірлесе қолдану ұстасу мерзімінің басталуын үдетіп қана қоймай, бұйымның физика-химиялық қасиеттерін жақсартады.

Ал бақылау сынамасымен салыстырғанда қоспа қосылған үлгілерде суды пайдалану төмендететін және ұстасудың басы мен соңы арасындағы аралық қысқарғанын байқауға болады. Бақылау үлгісінде ұстасудың басталуы (2 сағат 50 минут) болса, қоспа қосылған үлгі 2-1-де (1 сағат 29 минутты) құрап, ал үлгі 5-4-те (30 минутқа) дейін өзгерген. Ал ұстасудың соңы 4 сағат 55 минуттан 2 сағат 15 минутқа дейін азайған.

Зертханалық тәжірибедегі қоспа қосылған үлгі 5-4-те ұстасудың басталуы 30 минутты көрсетіп, бұл көрсеткіш арқылы көбік бетон алуда тиімді қоспалардың өлшемін байқауға болады.

Тәжірибеде пластификатор қоспасын (спирттік кейінгі барда) қолдану суды пайдаланудың мөлшерін 35 % дейін төмендеткен. Бұл нәтижелерден құрамында кешенді модификацияланған қоспа бар цемент қамырында пластификаторлық әрекет байқалып, ұстасудың мерзімін азайтып, бұйымдар жасау үдерісін жылдамдатынын көреміз. Сонымен қоса жұмыста спирттік кейінгі барданы қолдану, өндірістік қалдықтарды құрылыс саласында пайдалануға болатындығын және бұл қадам қоршаған ортаны ластанудан қорғаудың оң нәтижесінің көрінісі.

Көбік бетон құрамындағы кешенді модификацияланған қоспа қолданылатын судың мөлшерін азайтып, тұрақты көбік алуға мүмкіндік береді және гипс және спирттік кейінгі барда тәрізді қоспалардың байланысы арқасында синергетикалық эффект туындап, бетонның беріктігінің, аязға төзімділігінің артуына алып келеді.

Зерттеу бойынша гипс пен спирттік кейінгі барданы бірге қолдану синергетикалық эффект тудырып, цемент қамырының физикалық-химиялық қасиеттерін арттырады. Сондай-ақ жасалатын бұйымның беріктігі мен төзімділігін жоғарылатады. Осы алынған нәтижелер кешенді модификацияланған қоспаны қолданудың тиімділігін көрсетіп отыр.

Соңғы уақытта құрылыста көбік бетонды үйді қабырғасына қарағанда, шатырдың астына жылу оқшаулағыш және аязға төзімді материал ретінде көп қолданылып жүр. Осы мақалада баяндалған кешенді модификацияланған қоспасы бар көбік бетон беріктігі, аязға төзімділігі мен жылу оқшаулағыштығы және пластификаторлық әсерінен су-цемент қатынасының төмен болуынан құрылыс саласында бұл материалдың қайтадан рөлі артуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам». – Астана: Аккорда, 2022. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысы. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 жылдан 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000736>
3. Абдушқуров Ф.Б., Дузельбаев С.Т. Құрылыстық материалтану. – Алматы: Бастау, 2020. – 10 б.
4. Әбдушқуров Ф., Сабитов Е., Қырғызбаев А., Дүзелбаев С. «Құрылыс материалдары мен бұйымдары». – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атын. ЕҰУ., 2021. – 458 б.
5. Garzón-Agudelo P.A., Palacios-Alvarado W., Medina-Delgado B. Impact of plasticizers on the physical and structural properties of concrete used in constructions. *Journal of Physics: Conference Series*. 2021; 2046(1):012069. DOI: 10.1088/1742-6596/2046/1/012069
6. Altynbekova A.D., Lukpanov R.E., Dyusseminov D.S., Askerbekova A.M., Tkach E.V. Effect of a complex modified additive on the setting time of the cement mixture. *Kompleksnoe Ispol'zovanie Mineral'nogo Syr'a = Complex Use of Mineral Resources* 2022;324(4). <https://doi.org/10.31643/2022/6445.23>
7. Kolesnikov A, Fediuk R, Kolesnikova O, Zhanikulov N, Zhakipbayev B, Kuraev R, Akhmetova E, Shal A. Processing of Waste from Enrichment with the Production of Cement Clinker and the Extraction of Zinc. *Materials*. – 2022. – 15(1):324. – Pp. 1-9. – <https://doi.org/10.3390/ma15010324>.
8. Zhongwei Liu, Kang Zhao, Chi Hu, Yufei Tang, "Effect of Water-Cement Ratio on Pore Structure and Strength of Foam Concrete", *Advances in Materials Science and Engineering*, vol. 2016, Article ID 9520294, 9 pages, 2016. <https://doi.org/10.1155/2016/9520294> (в международном журнале)
9. Джалалов Ш.Г., Оцоков К.А. Способы повышения эффективности пенобетона. *Вестник Дагестанского государственного технического университета. Технические науки*. 2016;42(3):167-174 DOI:10.21822/2073-6185-2016-42-3-167-174
10. Славчева Г.С., Буймарова Т.К. Физико-климатическая стойкость пенобетонов на основе техногенного сырья // *Вестник Инженерной школы Дальневосточного федерального университета*. – 2020. – № 2 (43). – С. 124-131.
11. Kolesnikov A, Fediuk R, Kolesnikova O, Zhanikulov N, Zhakipbayev B, Kuraev R, Akhmetova E, Shal A. Processing of Waste from Enrichment with the Production of Cement Clinker and the Extraction of Zinc. *Materials*. – 2022. – 15(1):324. – Pp.1-9. – <https://doi.org/10.3390/ma15010324>

12. Foam concrete/ M. Gökçe, B. Şenol Şeker// Journal of New Results in Science (JNRS). – 2020. – Vol. 9. – Iss. 1. – Pp. 9-18.
13. Майкл С. Мамлюк, Джон П. Заниевский. Азаматтық нысандарда қолданылатын құрылыс материалдары. – 3-ші басылым. – Алматы: Қазақ тілі, 2017. – 73 б.
14. Абдушкүров Ф.Б., Дүзельбаев С.Т. Құрылыстық материалтану. Есептер жинағы мен зертханалық практикумы. – Алматы: Бастау, 2020. – 137 б.
15. Altynbekova A.D., Lukpanov R.E., Yenkebayev S., Tsygulyov D., Nurbayeva M. Complex laboratory studies of modified additive influence on concrete physical and mechanical properties. International Journal of GEOMATE, Dec, 2022, Vol.23, Issue 100, pp.26-33, Geotechnique, Construction Materials and Environment ISSN: 2186-2982 (P), 2186-2990 (O), Japan, DOI: <https://doi.org/10.21660/2022.100.3641>
16. Al-Khazraji A.A. Use of plasticizers in cement concrete. Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems. 2020; 12(3):599-607. DOI: 10.5373/JARDCS/V12I3/20201229.

References

1. Tokayev K.K. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. «Adiletті мемлекет, бirtutas ылт, berekeli қоғам». – Astana: Akkorda, 2022. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2
2. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 23 sentyabrya 2022 goda №736. Konceptsiya razvitiya zhilishchno-kommunal'noj infrastruktury na 2023-2029 gody
3. Abdushkurov F.B., Duzel'baev S.T. Құрылыстық материалтану. – Almaty, Bastau, 2020. – 10 б.
4. Әбдішқыров Ф., Сабитов Е., Қырғызбаев А., Дүзельбаев С. «Құрылыс материалдары мен бұйымдары», - Нұр-Сұлтан, L.N.Gumilev atyn. ЕҰУ., 2021, 458 б.
5. Garzón-Agudelo P.A., Palacios-Alvarado W., Medina-Delgado B. Impact of plasticizers on the physical and structural properties of concrete used in constructions. Journal of Physics: Conference Series. 2021; 2046(1):012069. DOI: 10.1088/1742- 6596/2046/1/012069
6. Altynbekova A.D., Lukpanov R.E., Dyusseminov D.S., Askerbekova A.M., Tkach E.V. Effect of a complex modified additive on the setting time of the cement mixture. Kompleksnoe Ispol'zovanie Mineral'nogo Syr'a = Complex Use of Mineral Resources 2022;324(4). <https://doi.org/10.31643/2022/6445.23>
7. Kolesnikov A, Fediuk R, Kolesnikova O, Zhanikulov N, Zhakipbayev B, Kuraev R, Akhmetova E, Shal A. Processing of Waste from Enrichment with the Production of Cement Clinker and the Extraction of Zinc. Materials. – 2022. – 15(1):324. – Pp.1-9. – <https://doi.org/10.3390/ma15010324>.
8. Zhongwei Liu, Kang Zhao, Chi Hu, Yufei Tang, "Effect of Water-Cement Ratio on Pore Structure and Strength of Foam Concrete", Advances in Materials Science and Engineering, vol. 2016, Article ID 9520294, 9 pages, 2016. <https://doi.org/10.1155/2016/9520294> (в международном журнале)
9. Jalalov Sh.G., Otsokov K.A. THE WAYS OF INCREASE OF EFFICIENCY OF FOAM CONCRETE. . Herald of Dagestan State Technical University. Technical Sciences. 2016;42 (3):167-174. (In Russ.) DOI:10.21822/2073-6185-2016-42-3-167-174
10. Slavcheva G.S., Bujmarova T.K. Fiziko-klimaticheskaya stojkost' penobetonov na osnove tekhnogennogo syr'ya.// Vestnik Inzhenernoj shkoly Dal'nevostochnogo federal'nogo universiteta. – 2020. – № 2 (43). – S. 124-131.
11. Kolesnikov A, Fediuk R, Kolesnikova O, Zhanikulov N, Zhakipbayev B, Kuraev R, Akhmetova E, Shal A. Processing of Waste from Enrichment with the Production of Cement Clinker and the Extraction of Zinc. Materials. – 2022. – 15(1):324. – Pp.1-9. – <https://doi.org/10.3390/ma15010324>
12. Foam concrete/ M. Gökçe, B. Şenol Şeker// Journal of New Results in Science (JNRS). – 2020. – Vol. 9. – Iss. 1. – Pp. 9-18.
13. Majkl S. Mamlyuk, Dzhon P. Zanievskij. Azamatтық нысандарда қолданылатын құрылыс материалдары. - 3-shi basylym. - Almaty: Қазақ тілі, 2017. – 73 б.
14. Abdushkurov F.B., Duzel'baev S.T. Құрылыстық материалтану. Есептер жинағы мен зертханалық практикумы. Almaty, Bastau, 2020, 137 б.
15. Altynbekova A.D., Lukpanov R.E., Yenkebayev S., Tsygulyov D., Nurbayeva M. Complex laboratory studies of modified additive influence on concrete physical and mechanical properties. International Journal of GEOMATE, Dec, 2022, Vol.23, Issue 100, pp.26-33, Geotechnique, Construction Materials and Environment ISSN: 2186-2982 (P), 2186-2990 (O), Japan, DOI: <https://doi.org/10.21660/2022.100.3641>
16. Al-Khazraji A.A. Use of plasticizers in cement concrete. Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems. 2020; 12(3):599-607. DOI: 10.5373/JARDCS/V12I3/20201229.

ЖАБЫНДАР ЖӘНЕ ҚАБАТТАР
ПОКРЫТИЯ И ПЛЕНКИ
COATINGS AND LAYERS

DOI 10.51885/1561-4212_2024_2_16
MPHTI 50.47.02

Г.У. Ерболатова¹, А.А. Касымова², Д.Д. Ерболат³

Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

¹E-mail: e.gulnara_77@mail.ru*

²E-mail: anelya.kas@mail.ru

³E-mail: diaserbolat16@gmail.com

**ИССЛЕДОВАНИЕ СТРУКТУРЫ И МЕХАНИЧЕСКИХ СВОЙСТВ ПОКРЫТИЙ TiN,
ПОЛУЧЕННЫХ МЕТОДОМ МАГНЕТРОННОГО НАПЫЛЕНИЯ**

**МАГНЕТРОНДЫ БҮРКУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН TiN ЖАБЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
МЕН МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

**INVESTIGATION OF THE STRUCTURE AND MECHANICAL PROPERTIES OF TiN
COATINGS OBTAINED BY MAGNETRON SPUTTERING**

Аннотация. В данной статье показано, что основными технологическими параметрами метода магнетронного напыления являются диапазон расстояний мишень-подложка и соотношение разрядного напряжения в вакуумной камере при распылении газа под давлением (азот-аргон). Обнаружено влияние расстояний мишень-подложка после обработки на кристалличность пленки. Изучена структура и поведение тонких пленок нитрида титана. Проведена серия экспериментов в рамках изучения влияния расстояния мишень-образец на микроструктуру нанопленки. Выявлены изменения роста нанопленки и размера зерен в формирующей наноструктуре при напылении. Исследование шероховатости поверхности выявило необходимость оптимизации режима нанесения пленки под давлением.

Ключевые слова: нитрид титана, структура, магнетрон, нанопленки, магнетронное напыление.

Аннотация. Бұл мақалада магнетронды бүрку әдісінің негізгі технологиялық параметрлері нысанадан субстратқа дейінгі қашықтық диапазоны және қысымды газды (азот-аргон) бүрку кезінде вакуумдық камерадағы разряд кернеуінің қатынасы болып табылады. Өңдеуден кейінгі мақсатты субстрат арақашықтықтарының қабықшаның кристалдылығына әсері анықталды. Титан нитридінің жұқа қабықшаларының құрылымы мен мінез-құлқы зерттелді. Микроқұрылымды мақсатты үлгі қашықтығына зерттеу аясында бірқатар эксперименттер жүргізілді, бұл нанофильмнің өсуін, бүрку кезінде пішіндеуші наноқұрылымдағы дендердің мөлшерін өзгертуге әкелді. Беттің кедір-бұдырлығын зерттеу қабықшаны қысыммен қолдану режимін оңтайландыру қажеттілігін анықтады.

Түйін сөздер: титан нитриді, құрылым, магнетрон, наноқабықшалар, магнетронды бүрку.

Annotation. This article shows that the main technological parameters of the magnetron sputtering method are the range of target-substrate distances and the ratio of discharge voltage in a vacuum chamber when spraying gas under pressure (nitrogen-argon). The effect of the distances of the target substrate after processing on the crystallinity of the layer was found. The structure and behavior of thin layers of titanium nitride have been studied. A series of experiments was carried out within the framework of studying the microstructure at the target-sample distance, which led to a change in the growth of the nanolayer, the grain size in the forming nanostructure during spraying. The study of surface roughness revealed the need to optimize the mode of applying the layer under pressure.

Keywords: Titanium nitride, structure, magnetron, nanolayers, magnetron sputtering.

Введение. На сегодняшний день, ввиду повышения спроса на тонкие покрытия с различными свойствами, метод магнетронного напыления наиболее востребован. Однако,

несмотря на многочисленные исследования в этом направлении, до сих пор нет обоснованных теоретических концепций и точных экспериментальных данных о процессах, влияющих на структуру и свойства покрытий, полученных методом магнетронного напыления. Кроме того, магнетронное напыление позволяет накапливать вещества, находящиеся за пределами термодинамического равновесия [4], следовательно, это позволяет осаждать нестабильные фазы.

Целью данного исследования является изучение структурно-фазового состояния, элементного состава и механических свойств тонких пленок TiN на стеклянной подложке после магнетронного напыления при различных расстояниях между мишенью и подложкой. Данная цель может быть достигнута в результате решения следующих задач:

- анализ теоретических данных метода магнетронного распыления при постоянном токе;
- нанесение тонких покрытий при помощи магнетронного распыления, при различных расстояниях мишень-подложка;
- исследование микроструктуры, фазового состава и механических свойств нанопленки TiN.

Литературный обзор. Физическое осаждение тонких пленок осуществляется из паровой фазы. Технология нанесения тонких пленок методом магнетронного напыления, используемая десятилетиями для нанесения покрытий, на сегодняшний день является наиболее распространённым и используемым процессом нанесения тонких пленок, главным преимуществом которого является улучшение механических свойств и качества осаждения. В последние годы в магнетронном напылении в качестве источника пленкообразования материала начали использовать катод. Методы испарения рассматриваются как обычное осаждение материалов в виде тонкослойных пленок, которые достигаются путем генерации направленного потока частиц испаряемого вещества, пролета их в разреженном пространстве от источника к подложке и осаждением на поверхности с образованием слоев [5, 6].

При образовании тонких пленок после магнетронного распыления необходимо учитывать назначение покрытия, материал подложки и условия эксплуатации. Использование нескольких катодных мишеней одновременно или добавление реактивного газа позволяют синтезировать новые комбинации материалов и соединения распыления. Первоисточником пленкообразующих частиц является твердая мишень. В основном процессе (рис. 1) напыления мишени (или катода) пластина бомбардируется энергичными ионами, генерируемыми в свечении. В процессе бомбардировки происходит удаление, т.е. «распыление» атомов мишени, которые затем могут конденсироваться на подложке в виде тонких пленок [7]. Вторичные электроны, также испускаемые с поверхности мишени в результате ионной бомбардировки, играют важную роль в поддержании плазмы. Процесс базового напыления известен уже много лет, и многие покрытия получены с использованием этого метода [8].

Оптимизируя различные свойства тонких пленок, необходимо понимать механизмы их роста. Формирование непрерывной пленки включает зарождение и рост на поверхности подложки. На различные стадии роста влияют подвижность конденсированных частиц, энергия их падения, а также температура подложки и ионная бомбардировка [9, 10]. Все процессы формирования тонких пленок из паровой фазы сводятся к трем основным этапам:

- получению соответствующих частиц для нанесения на подложки (ионные, атомарные или молекулярные соединения) путем Ag^+ травления поверхности мишени;

- переносу этих частиц от источника (мишени) к поверхности подложки со столкновениями или без них между атомами и молекулами;
- конденсации этих частиц в результате химических или электрохимических реакций и образованию пленки на поверхности подложки. Этот процесс включает в себя конденсацию паров на подложке и образование в результате процессов зарождения и роста первых слоев, на которые сильно влияет ионная бомбардировка растущих пленочных частиц, приводящая к изменениям микроструктуры, состава, примесей и остаточных напряжений [11].




Рисунок 1. Процесс осаждения магнетронным напылением в вакуумной камере (подложка – стекло, мишень – титан)

Реактивное распыление может быть использовано для нанесения пленок путем химической реакции между материалом мишени и газом, подаваемым в вакуумную камеру, где составом этих пленок можно управлять, регулируя относительное давление смеси ионов Ag и реакционноспособных газов. Реактивное магнетронное напыление может быть использовано не только для распыления нитридов, оксидов, карбидов и других соединений, но и для получения нанокompозитных пленок с малым размером зерен (1-20 нм) [6], которые проявляют уникальные свойства. Твердые материалы, такие как TiN используются для износостойких инструментов и декоративных покрытий часов. Примечательно, что увеличение расхода реагирующего газа обычно приводит к образованию распыленного соединения на поверхности мишени (отравление мишени). Это приводит к снижению скорости распыления и дальнейшему отравлению поверхности мишени [11]. Например, распыление мишени, покрытой оксидом, обычно нежелательно, поскольку скорость распыления оксида намного ниже, чем у металла, а образование изолирующей поверхности на катоде вызывает образование дуг, особенно при подаче постоянного тока. Решением было бы использование среднечастотной мощности или радиочастотной мощности 150-250 Вт [10]. Таким образом, получение тонких пленок реактивным магнетронным напылением в зависимости от различных расстояний мишень-подложка может привести к осаждению нестабильных фаз и улучшению свойств.

Методика исследования. Эксперименты проводились в лабораторном центре «ВЕРИТАС» г. Усть-Каменогорск, на лабораторной установке Магнетрон-479, предназначенной для научно-исследовательских работ в области нанесения тонких нанопленок методом магнетронного напыления. Схема и вид экспериментальной установки показаны на рис. 2 и 3.




Рисунок 2. Схема экспериментальной установки: 1 – вращающееся крепление для подложки, 2 – камера осаждения, 3 – система откачки камеры, 4 – система подачи газа или откачки, 5 – регулятор расхода газа РРГ-10




Рисунок 3. Вид установки высоковакуумного напыления

Для нанесения тонкой пленки нитрида титана на подложку использовали метод реактивного магнетронного напыления (рис. 3). Методика эксперимента заключалась в том, что в вакуумную камеру помещали образец и прикрепляли к держателю, использовали мишень титана (с чистотой 99,9998 %) и расстояние между мишенью и образцом

составляло 125, 130 мм. До нанесения покрытий для удаления оксидов поверхность подложки обрабатывали в соляной кислоте, для удаления грязи или пыли – в дистиллированной воде с последующей сушкой (4-5 минут), далее протерли спиртом. В камере осаждения использовали рабочий газ – аргон (чистота 99,998 %) и реактивный газ – азот (чистота 99,998 %). Перед процессом напыления проводили вакуумную откачку при $4 \cdot 10^{-5}$ Па. Предварительную очистку камеры ионами газа осуществляли в течение 8-9 минут, затем вводили постоянную основу – рабочий газ Ar. После предварительного включения магнетронного напыления реактор вакуумировали, затем запускали газ аргон с парами с положительными электронами.

Нанесение покрытий осуществлялось на прямоугольной стеклянной подложке при параметрах процесса магнетронного напыления (поток инертного газа, реактивного газа и др.), приведенных в табл. 1.

Таблица 1. Параметры процесса осаждения на стеклянную подложку при магнетронном напылении

Наименование параметров	Значение
Утечка	0,08 см ³ /мин
Рабочее давление	$2,1002 \cdot 10^{-3}$ мбар
Рабочий газ Ar	чистота 99,998 %
Общий расход аргона в камере	59 мл/мин
Ток/Напряжение	1/200
N ₂ (чистота 99,998 %)	5 мл/ мин
Частота	14,5 кГц
Катодный материал	Титан
Расстояние между магнетроном и образцом	120,130 мм
Время нанесения	35 минут

Морфология поверхности и толщина пленки TiN была исследована путем получения вторичной электронной визуализации покрытий в их исходном состоянии с высоким разрешением с использованием СЭМ (JEOL JSM-6390LV) при ускоряющем напряжении 19 кВ. Регистрация изображения осуществлялась в режиме BEI. СЭМ оснащен энергодисперсионным рентгеновским спектрометром (ЭДС) с использованием ионно-аргонового лазера в качестве источника возбуждения (длина волны лазера 520 нм, мощность лазера на образце приблизительно 10 МВт, генерирующиеся пятно размером приблизительно 3 мкм).

Веб-қосымшаның навигациясы ретінде веб-қосымшаның сол жақ бөлігіндегі вертикаль мәзірге назар аудару қажет. Вертикаль мәзірде келесі атаулармен қажетті бөлімдер бар, олар: Student's Dataset; Student performance analysis; Methods; Authors. Веб-қосымшаның құрылымдық сызбасына сәйкес келесі бөлімдердің визуализацияларын келтіре кетейік. Веб-қосымшада білім алушылардың үлгерімін болжау үшін зерттеуде сипатталып кеткен деректер жиыны қолданылды. Мұнда «Student's Dataset» мәзірінде деректер жиыны жазбаларын қолданушы қажетінше парақ нөміріне сәйкес толығымен көре алады немесе іздеу функциясы арқылы да қажетті жазбаны тауып ала алады. Сонымен қоса, қажетінше 10 немесе 15, 20 т.с.с. жазбалар көлемін өз қалауыңша шығарып көру мүмкіндігіне ие бола алады.


Веб-қосымшаның келесі «Student performance analysis» мәзірі бойынша екі қосымша ұйымдастырылған, олар: 1) «Filter to numeric columns for correlation», 2) «Analysis by G3 versus studytime». Осы құрылымға байланысты «Filter to numeric columns for correlation» қосымшасына шерту арқылы сурет 3-ке қатысты деректер жиыны негізінде атрибуттар арасындағы корреляциялық талдамалар графикалық түрде визуализацияланып көрсетіледі.



3-сурет. Деректер жиыны атрибуттары арасындағы корреляциялық талдама

Білім алушылардың үлгерімін болжауда тек қана бағалардың маңыздылығы бар екеніне ғана көзімізді жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге, білім алушылардың мінез-құлқы, бос уақытын өткізуі мен отбасы және тұрмыстық жағдайларының да маңыздылығы бар екенін анықтап алдық. Сол себептен, білім алушылардың мінез-құлқына байланысты да талдамалар жасалып, олардың қорытындысы графикалық түрде алынған болатын. Бұл графикалық түрдегі талдамалар веб-қосымшаның арнайы бөлімдерінде визуализацияланып шығарылған болатын.

Келесі кезекте, веб-қосымшада зерттеудің мақсат-міндеттеріне байланысты таңдалып алынған зерттеу әдісі, яғни сызықтық регрессия моделіне қатысты визуализациялау келтірілген. Мұнда деректер жиынына байланысты білім алушылардың үлгерімін болжауға байланысты сызықтық регрессия модельдері графиктерін 4-ші суреттерден көруге болады.



4-сурет. Білім алушылар үлгерімін болжаудағы сызықтық регрессияның 1-ші және 2-ші моделдері

Білім алушылардың оқу үлгерімі деректер жиынына талдау мен болжау үшін машиналық оқыту әдісі ретінде сызықтық регрессияны қолдану нәтижесінде оқушылардың үлгерімін болжауда келесідей релевантты атрибуттар анықталды, яғни ол деген сөз: оқушылардың білімін болжау үшін келесі деректерге мұқият назар аудару қажет. Олар біріншіден, оқушылардың тоқсан бойынша бағалары кестеде олар G1/G2/G3 белгісімен сипатталып тұр, сонымен қатар, оқушылардың ата-анасының білімі жайлы мәліметтер маңызды болып табылады және соңғы ең маңызды дерек – ол білім алушының қаншалықты сабаққа қатысуы, яғни сабақты босату туралы деректер. Осылардың негізінде оқушылардың оқу үлгеріміне болашақта болжау жасауға болады. Сонымен қатар, құрылған модельді бағалау үшін арнайы метрика Ассигасу метрикасы қолданылып, бағалау нәтижесі жоғары пайызды көрсетті (90 %).

Қорытынды. Қарастырылып отырған зерттеу мақаласында білім алушылардың деректер жиынына талдау жасауда және оқу үлгерімін болжауда статистикалық талдау мен сызықтық регрессия моделі құрылып қолданылды. Сонымен қатар, корреляциялық әдісті қолдану нәтижесінде релевантты атрибуттар тізімі де анықталған. Деректер жиынтығы оқушылардың үлгерімі, демографиялық сипаттамалары, әлеуметтік және мектеп сипаттамалары атрибуттарын қамтыды. Деректер жиыны екі түрлі Информатика (инф) және Математика (мат) пәндері бойынша жинақталған. Машиналық оқыту әдісі сызықтық регрессияны қолдану нәтижесінде білім алушылардың үлгерімін болжауда релевантты атрибуттар анықталды. Олар, оқушылардың тоқсан бойынша бағалары G1-G3, білім алушылардың ата-анасының білімі жайлы мәліметтер, білім алушының қаншалықты сабаққа қатысуы, яғни сабақты босату туралы деректері маңызды болып табылатыны анықталды. Сызықтық регрессияны қолдану негізінде алынған модельді

бағалау нәтижесі жоғары пайызды көрсетті (90,6 %). Зерттеу жұмыстарының қорытынды нәтижелері мен визуализациясы Shiny Dashboard құралы негізінде білім алушылардың оқу үлгерімдерін талдау мен болжау интерактивті қосымшасы әзірленді.

References

1. Yağcı, M. Educational data mining: prediction of students' academic performance using machine learning algorithms. *Smart Learn. Environ.* 9, 11 (2022). <https://doi.org/10.1186/s40561-022-00192-z>.
 2. Alam, A., Mohanty, A. (2023). Predicting Students' Performance Employing Educational Data Mining Techniques, Machine Learning, and Learning Analytics. In: Tomar, R.S., et al. *Communication, Networks and Computing. CNC 2022. Communications in Computer and Information Science*, vol 1893. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-031-43140-1_15.
 3. H. Pallathadka, A. Wenda, E. Ramirez-Asís, M. Asís-López, J. Flores-Albornoz, K. Phasinam. Classification and prediction of student performance data using various machine learning algorithms. *Volume 80, Part 3, 2023, pp. 3782-3785, ISSN 2214-7853*, <https://doi.org/10.1016/j.matpr.2021.07.382>.
 4. Fahd, K., Venkatraman, S., Miah, S.J. et al. Application of machine learning in higher education to assess student academic performance, at-risk, and attrition: A meta-analysis of literature. *Educ Inf Technol* 27, 3743–3775 (2022). <https://doi.org/10.1007/s10639-021-10741-7>.
 5. Munir, H.; Vogel, B.; Jacobsson, A. Artificial Intelligence and Machine Learning Approaches in Digital Education: A Systematic Revision. *Information* 2022, 13, 203. <https://doi.org/10.3390/info13040203>.
 6. G. Feng, M. Fan and Y. Chen, "Analysis and Prediction of Students' Academic Performance Based on Educational Data Mining," in *IEEE Access*, vol. 10, pp. 19558-19571, 2022, doi: 10.1109/ACCESS.2022.3151652.
 7. Ahuja, R., Jha, A., Maurya, R., Srivastava, R. (2019). Analysis of Educational Data Mining. In: Yadav, N., Yadav, A., Bansal, J., Deep, K., Kim, J. (eds) *Harmony Search and Nature Inspired Optimization Algorithms. Advances in Intelligent Systems and Computing*, vol 741. Springer, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-13-0761-4_85.
 8. A. Hernández-Blanco, B. Herrera-Flores, D. Tomás, and B. Navarro-Colorado, "A Systematic Review of Deep Learning Approaches to Educational Data Mining," *Complexity*, vol. 2019, pp. 1–22, May 2019, doi: 10.1155/2019/1306039.
 9. C. Jalota and R. Agrawal, "Analysis of Educational Data Mining using Classification," 2019 International Conference on Machine Learning, Big Data, Cloud and Parallel Computing (COMITCon), Faridabad, India, 2019, pp. 243-247, doi: 10.1109/COMITCon.2019.8862214.
 10. Alshareef, F., Alhakami, H., Alsubait, T., & Baz, A. (2020). Educational Data Mining Applications and Techniques. *International Journal of Advanced Computer Science and Applications*, 11.
 11. Batool, S., Rashid, J., Nisar, M.W. et al. Educational data mining to predict students' academic performance: A survey study. *Educ Inf Technol* 28, 905–971 (2023). <https://doi.org/10.1007/s10639-022-11152-y>.
 12. Sekeroglu B., Dimililer K., Tuncal K. Student Performance Prediction and Classification Using Machine Learning Algorithms. *ICEIT 2019: Proceedings of the 2019 8th International Conference on Educational and Information Technology*. March 2019, pp.7–11. <https://doi.org/10.1145/3318396.3318419>.
 13. Francis, B.K., Babu, S.S. Predicting Academic Performance of Students Using a Hybrid Data Mining Approach. *J Med Syst* 43, 162 (2019). <https://doi.org/10.1007/s10916-019-1295-4>.
 14. Trakunphutthirak, R., & Lee, V. C. S. (2022). Application of Educational Data Mining Approach for Student Academic Performance Prediction Using Progressive Temporal Data. *Journal of Educational Computing Research*, 60(3), 742-776. <https://doi.org/10.1177/07356331211048777>.
 15. D. Aggarwal, S. Mittal, and V. Bali, "Prediction model for classifying students based on performance using machine learning techniques," *International Journal of Recent Technology and Engineering*, vol. 8, no. 2 Special Issue 7, pp. 496–503, Jul. 2019, doi: <https://doi.org/10.35940/ijrte.B1093.0782S719>.
 16. Lau, E.T., Sun, L. & Yang, Q. Modelling, prediction and classification of student academic performance using artificial neural networks. *SN Appl. Sci.* 1, 982 (2019). <https://doi.org/10.1007/s42452-019-0884-7>.
-
-

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР
ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ
INFORMATION SYSTEMS

DOI 10.51885/1561-4212_2024_2_198
MFTAA 81.93.29

А. Хомпыш^{1,2}, О.А. Лизунов²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан
E-mail: ardabek@mail.ru*

²Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Алматы қ., Қазақстан
E-mail: o.lizunov@bk.ru

ІОТ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖЕҢІЛСАЛМАҚТЫ ШИФРЛАУ АЛГОРИТМІ

ЛЕГКОВЕСНЫЙ АЛГОРИТМ ШИФРОВАНИЯ ДЛЯ УСТРОЙСТВ ІОТ

LIGHTWEIGHT ENCRYPTION ALGORITHM FOR ІОТ DEVICES

Аңдатпа. Бұл мақалада шекті ресурстарға негізделген аппаратты құрылғылардағы мәліметтерді қорғауға арналған жаңа жеңілсалмақты шифрлау ISL_LWC алгоритмі ұсынылған. Ұсынылған жеңілсалмақты шифрлау ISL_LWC алгоритмін зерттеу, Speck және Present алгоритмдерімен салыстыру барысында Arduino Uno R3 платасы қолданылды. Барлық үш жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдерінің шифрлау жылдамдығын және раундтық кілттерді генерациялау көрсеткіштерінің сапасын зерттеу үшін алгоритмдер жоғарыдеңгейлі C++ бағдарламалау тілінде бағдарламалық жүзеге асырылды. Шифрлау жылдамдығын және раундтық кілттерді генерациялау жылдамдығын тексеру Arduino Uno R3 платасы негізінде АҚШ-тың Ұлттық стандартты және технологиялар институты дайындаған платформадағы бағдарламалық кіріс кодтары алынып осы негізінде тесттер жүргізілді. Зерттеу жүргізу барысында мақсатқа сай қанағаттанарлық нәтиже алынды. ISL_LWC шифрлау алгоритмі шекті ресурстардағы аппараттық құрылғыларға қолдануға жылдамдығы жағынан сипаттамалық талаптарға сәйкес келетіндігі анықталды. Сонымен қатар S блоктың қасиеттері зерттеліп нәтижелері ұсынылды.

Түйін сөздер: Жеңілсалмақты криптографиялық алгоритмдер, Arduino Uno R3, ISL_LWC, ІОТ құрылғылары, раундтық кілт, бағдарлама, ауыстыру, сызықты емес түрлендірулер, микроконтроллер, шифрлау, NIST, S-box, шифрлау алгоритмі.

Аннотация. В данной статье представлен новый легковесный алгоритм шифрования ISL_LWC, предназначенный для защиты данных на устройствах с ограниченными аппаратными ресурсами. Для проведения исследования и сравнительного анализа разработанного легковесного алгоритма шифрования ISL_LWC с алгоритмами Speck и Present была использована плата Arduino Uno R3. Все три легковесных алгоритма шифрования были реализованы на высокоуровневом языке программирования C++. В качестве исследуемых показателей были взяты скорость зашифрования и генерации раундовых ключей. Для проведения тестов по измерению скорости зашифрования и генерации раундовых ключей на базе платы Arduino Uno R3 были взяты исходные коды программной платформы, подготовленной Национальным институтом стандартов и технологий США для этих целей. В целом, полученные результаты проведенных исследований – удовлетворительные. Алгоритм шифрования ISL_LWC по своим скоростным характеристикам соответствует требованиям, предъявляемым к алгоритмам шифрования, используемым в устройствах с ограниченными аппаратными ресурсами. Также были изучены свойства S блока и представлены результаты.

Ключевые слова: Легковесные криптографические алгоритмы, Arduino Uno R3, ISL_LWC, устройства ІОТ, раундовый ключ, программное обеспечение, перестановка, нелинейные преобразования, микроконтроллер, шифрование, NIST, S-box, алгоритм шифрования.

Abstract. This article introduces a novel lightweight encryption algorithm called ISL_LWC, which aims to secure data on devices with constrained hardware capabilities. To perform a research study and conduct a comparative analysis between the newly developed ISL_LWC encryption algorithm and the

existing Speck and Present algorithms, an Arduino Uno R3 board was utilized. All three lightweight encryption algorithms were implemented using the high-level C++ programming language. The speed of encryption and generation of round keys were taken as the studied indicators. In order to evaluate the encryption speed and generate round keys on the Arduino Uno R3 board, the software platform provided by the US NIST was utilized. The source codes from this platform were employed for the tests. Overall, the conducted studies yielded satisfactory outcomes. The speed characteristics of the ISL_LWC encryption algorithm were found to fulfill the requirements for encryption algorithms employed in devices with restricted hardware resources. The properties of block S were also studied and the results were presented.

Keywords: lightweight cryptographic algorithms, Arduino Uno R3, ISL_LWC, IoT devices, round key, software, permutation, non-linear transformations, microcontroller, encryption, NIST, S-box, encryption algorithm.

Kipicne. Соңғы жылдары жаңа технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде шағын шекті ресурстарға негізделген құрылғылар пайда болды. Заманауи мұндай технологиялар қазіргі уақытта әртүрлі салаларда кең қолданысқа ие. Бұл технологияларды қолданудың ерекшеліктері кейбір мәселелерді жылдам, қолайлы шешуге мүмкіндік беретін технологияға айналды. Айта кететін болсақ шекті ресурстарға негізделген құрылғыларға келесілерді жатқызуға болады. Олар: IoT, RFID және смарт технологиялар қолданысқа ие [1, 2].

Қазіргі уақытта интернет желісі арқылы мұндай технологияларды пайдалану арқылы әртүрлі қызметтерді пайдалану күрт өсуінің нәтижесінде оларға жасалатын шабулдардың көбейгендігі белгілі. Ал шекті ресурстарға негізделген мұндай технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету дәстүрлі криптографиялық әдістер үшін тиімсіз болып табылады. Себебі дәстүрлі криптографиялық қорғау алгоритмдері блок ұзындығының жоғару болуы және құрамындағы криптографиялық түрлендіру әдістерінің күрделілігі өз кезегінде мұндай құрылғылардың жұмыс істеуіне қолайсыз болып табылады. Сондықтан шекті ресурстарға негізделген технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін алгоритмдерді жасау өзекті мәселердің бірі болып табылады. Шекті ресурстарға негізделген криптографиялық алгоритмдерді жеңілсалмақты криптографиялық алгоритмдер деп атаймыз. АҚШ-тың, Ұлттық стандарттар және технологиялар институты (ҰСТИ ағл. NIST) 2021 жылы алғашқы жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдері туралы конкурс жариялады [3,4]. Конкурса 20-дан астам алгоритмдер қатысты солардың ішінде 2012 ж. Present [5] және Clefiа [6] шифрлау алгоритмдері жеңімпаз атанып NIST шешімі бойынша жеңілсалмақты криптографиялық алгоритмдердің стандарты болып бекітілді.

Present шифрлау алгоритмінің сипаттамасы блок ұзындығы 64 бит, раундтардың саны 32, құрылымы Фейстель желісі негізінде жасалынған. Алгоритмнің құрылымында 4x4 өлшемді сызықты емес S блок және сызықты P блок биттік орын ауыстыру криптографиялық түрлендіру операциясы орындалады. Соңғы жылдары жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдерге байланысты NIST өздерінің жаңа талаптарын қоса отырып конкурс жариялады. Сонымен қатар жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдердің жылдамдықтарын сынақтан өткізу үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету платформаларын даярлап ұсынды [7].

NIST жеңілсалмақты криптографиялық алгоритмдердің құрамындағы криптографиялық түрлендіру әдістері үшін жалпы талап етілетін негізгі критерийлер ретінде келесілерді айтуға болады [8]. Олар:

- Сенімділігі: Жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдерінің криптошабулдарға төзімділік деңгейі қамтамасыз етілуі керек. Әдетте сенімділік деңгейі 2^{112} кем болмауы керек.

- Икемділігі: Алгоритм әртүрлі платформаларға ыңғайлы іске асырылуы керек. Сонымен қатар бір платформада әртүрлі қызметтерді орындай алатындай болу керек. Блок және кілт өлшемдері сияқты параметрлерді орындау үшін ортақ түрлендіру әдістері қолданылмайтын әртүрлі алгоритмдерді салыстыруға мүмкіндік беруі керек.

- Бірнеше түрлендірулер үшін төмен шығындар: Бір ғана құрылымды пайдалана отырып әртүрлі түрлендіру әдістерін қолдану (мысалы, шифрлау және шифрды ашу) мүмкіндігін беретін алгоритмдер жасай отырып басқада алгоритмдердің құрылымындағы түрлендірулерге қарағанда мүлдем басқа құрылымда жақсырақ нәтиже беретін шекті құрылғыларға аз шығынды беретін түрлендіру әдісі болуы керек.

- Шифрмәтіннің өлшемі: Шифрмәтіннің өлшемі аппараттық ресурстарға қажетті мәліметтерді сақтау және жіберу үшін әсер етеді. Сондықтан шифрлау алгоритмдерінің шифрлау нәтижесінде ашықмәтіннен ұзын емес шифрмәтіндердің болғаны дұрыс, өйткені ол сақтау және тасымалдау талаптарын азайтуға көмектеседі.

- Кездейсоқ арналық шабуылдар мен сәтсіздіктерге төзімділік: Бұл талап негізінен IoT құрылғылары үшін өте маңызды, себебі қаскүнемдер құрылғыларға физикалық тұрғыдан қол жеткізе алады. Ал ресурстар шектеулі болғандықтан, мұндай шабуылдарды азайтуға қарсы шаралар жүргізу арқылы жетімді болмауын қадағалау керек.

- Ашықмәтін/шифрмәтін жұптарының санына шектеулер: Алгоритм жасаушылар бір команда арқылы түрлендіруге болатын ашықмәтін/шифрмәтін жұптарының санының жоғарғы шегін орнатуға рұқсат етуі мүмкін. Ол криптографиялық алгоритмдегі шекті құрылғының шектеулеріне ыңғайлы және нақты қолданбаның талаптарына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

- Кілтке қатысты шабуылдарға төзімділік: Бұл негізінен криптографиялық алгоритмдердің негізгі өзекті талаптарының бірі болғандықтан, кілттерді псевдокездейсоқ генератордан алыну керек.

Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтындағы Ақпараттық қауіпсіздік зертханасында гранттық жоба негізінде жасалынып отырған бұл алгоритмді жасау барысында осы аралыққа дейінгі шекті құрылғыларға негізделген жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдердің құрамын зерттей отырып нәтижесінде жаңа шифрлау ISL_LWS алгоритмі ұсынылды.

Бұл ұсынылып отырған жеңілсалмақты шифрлау алгоритмінің жылдамдығын тексеру үшін аппараттық ресурстардағы шекті ресурстарға арналған құрылғылардың талаптарына жауап беретін құрылғы пайдаланылды.

Шекті құрылғыларға негізделген жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдері бойынша жүргізілген зерттеулерге сай келесі жұмысты атап өтуге болады. Бұл жұмыстарда авторлар белгілі шифрлау алгоритмдерінің құрамындағы әртүрлі түрлендіру әдістерінің ерекшеліктерін сиппатаған және алгоритмнің жылдамдығын тексеру үшін алгоритмді бағдарламалықта жүзеге асыра отырып зерттеген [9,10]. Мысалы, Бабенко Л.К., Голотина Д.В., Макаревич О.Б. [11] Trivium [12] ағындық шифрының сипаттамасын және оның аппараттық жүзеге асырылу процесі туралы зерттеулерін жүргізген. Онда Trivium шифры бағдарламалық жүзеге асырудан қарағанда аппараттық құралдарға негізделген алгоритм екендігін анықтаған. Сонымен қатар авторлар зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында бұл шифр FPGA, Marsohod 2Bis тақтасында жүзеге асырылғандығын және әзірленген алгоритм бұл мобильді роботтармен жұмыс істеу кезінде пайдалануға болатындығын көрсеткен [10].

Келесі жұмыста мақала авторы Л.К. Бабенко және т.б. Present шифрын зерттеген [13,5]. Онда авторлар алгоритмнің бағдарламалық қамтамасыз етуді іске асыруды жүзеге асыра отырып, сонымен қатар чиптегі жүйеге арналған арнайы әзірленген аппараттық блокты өңдеген. Бұл әзірleme шекті ресурсты криптография талаптарына сәйкес келетіндігін және әртүрлі құрылғыларда іске асыруда оңтайлы шешім болатындығы айтылған [14]. Ал Жуков [15] және Tang, Zh [5] еңбектерінде шекті құрылғыларға негізделген Present, Trivium және Clefia сияқты шифрларды зерттей отырып зерттеу нәтижелеріне ұсынған. Онда Clefia алгоритмі басқа алгоритмдерге қарағанда жылдамы-

рақ сонымен қатар мобильді робототехникада шифрлау үшін қолдануға ыңғайлы нұсқасы деп көрсеткен. Ал Present шифры бағдарламалық жасақтамада енгізілгенде шифрлау жылдамдығы төмен болатындығы айтылған. Бұл зерттелініп отырған Present және Trivium алгоритмде аппараттық құралдарға негізделген шифрлар болып табылады.


Бұл мақалада сонымен қатар ұсынылып отырған ISL_LWC жеңілсалмақты шифрлау алгоритмінің жылдамдығын тексеру барысында Arduino Uno R3 тақтасы таңдалды.

Материалдар және зерттеу әдістері. ISL_LWC шифрлау алгоритмінің құрылымы.

Криптографиялық жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдеріне талдау жүргізіле отырып, ол алгоритмдердің құрылымдағы әрбір түрлендіру әдістерінің ерекшеліктерін зерттей келе ISL_LWC шифрлау алгоритмі ұсынылды. Бұл алгоритм шекті ресурстарға негізделген құрылғыларға арналған алгоритм болып табылады. ISL_LWC алгоритмі жеңілсалмақты симметриялық блокты алгоритмның құрамына жатады және ISL_LWC алгоритм келесі негізгі параметрлерден тұрады:

- Мастер кілттің ұзындығы – 80 бит.
- Блоктың ұзындығы – 64 бит.
- Раундтық кілттің ұзындығы – 64 бит.
- Раундтардың саны – 16.


ISL_LWC алгоритмінің шифрлау жылдамдығын және криптоберіктілігін қамтамасыз ету мақсатында модуль екі бойынша қосу операциясы (XOR), SP түрлендіруі, биттік солға жылжыту операциясы, P биттік алмасатыру және S блок орын ауыстыру операциялары қолданылды. Ұсынылып отырған ISL_LWC жеңілсалмақты шифрлау алгоритмінің шифрлау схемасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. ISL_LWC алгоритмінің шифрлау схемасы

SP түрлендіру әдісі. SP түрлендіру әдісінің құрылымы 2-суретте көрсетілген. Мұнда төрт биттік сызықты емес S box1 (1-кесте) және S box2 (2-кесте) орын ауыстыру және P

боx (3-кесте) биттік алмастыру әдісі қолданылады. Жоғарыда көрсетілген түрлендіруден өткеннен кейін 2-суретке сәйкес жарты байттық орын ауыстырулар орындалады.



2-сурет. SP түрлендіру әдісі

1-кесте. S box 1 орын ауыстыру кестесі

Input	F	C	A	9	1	E	4	D	5	7	8	6	0	2	B	3
Output	C	0	4	3	E	7	8	F	A	1	5	B	2	D	9	6


2-кесте. S box 2 орын ауыстыру кестесі

Input	E	C	F	9	3	B	4	8	6	A	2	7	5	1	D	0
Output	1	7	B	9	8	A	C	0	4	6	D	E	2	5	3	F

3-кесте. P box биттік алмастыру


j	1	0	3	2
P(j)	2	3	1	0

S түрлендіру әдісі. Ашық мәтіннің кіріс 16 биті келесідей өрнектеліп алынады: $a_0a_1a_2a_3a_4a_5a_6a_7a_8a_9a_{10}a_{11}a_{12}a_{13}a_{14}a_{15}$. Мұндағы әрбір 4 битті жеке жарты байт ретінде аламыз, яғни: $m_0 = a_0a_1a_2a_3$, $m_1 = a_4a_5a_6a_7$, $m_2 = a_8a_9a_{10}a_{11}$, $m_3 = a_{12}a_{13}a_{14}a_{15}$, мұндағы m_i , $i = 0, 3$. Ары қарай 3-суретке сәйкес m_0, m_2 және m_1, m_3 4-биттік S box1 және S box2 ауыстыру кестесінен өтеді және орын алмастырылады.



3-сурет. S түрлендіру әдісі

Раундтық кілттерді генерациялау алгоритмі. Блокты алгоритмдерінің маңызды элементтерінің бірі раундтық кілт екендігін ескере отырып, раундтық кілттер жасау алгоритмі ұсынылды. Онда алгоритмнің негізгі кілт ұзындығы 80 битке тең және ұзындығы 16 бит болатындай бес ішкі блоктарға бөліну арқылы 4-суретке сәйкес орындалды. Алгоритмнің құрамында S-блок және модуль бойынша қосу операциялары орындалады. Әрбір операциялар өз кезегінде сапалы кілттерді жасауға мүмкіндік береді.



4-сурет. Раундтық кілт генерациялау алгоритмі

Бұл мақаладағы жұмыстың басты мақсаты ұсынылып отырған ISL_LWC жеңілсалмақты шифрлау алгоритмінің жылдамдығын Arduino Uno board платформасында және бағдарламалық тексеру болып табылады. Себебі блокты шифрлау алгоритмдеріне қойылатын талаптардың біріне сәйкес алгоритм жылдамдығы жоғары болу керек.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Деректерді криптографиялық қорғау алгоритмдері бағдарламалық және аппараттық құралда да жүзеге асырылады. Алгоритмді аппараттық құралдарда жүзеге асыру айтарлықтай қымбат, бірақ оның тиімділігі артықшылықтары өте көп. Ал криптографиялық алгоритмдерді бағдарламалық жүзеге асыру айтарлықтай жаңалық емес, бірақ аппараттық жүзеге асырудан қарағанда аз шығынды талап етеді және алгоритм құрамына қандайда өзгертулер енгізу жағынан тиімді қызметтер атқарады. Бұл мақалада қазіргі уақыттағы қол жетімді Arduino UNO платформасын пайдалана ISL_LWC жеңілсалмақты шифрлау алгоритмінің жылдамдығы анықталады. Бірақ зерттеу жұмысының негізгі объектісі шекті құрылғыларға арналған платформа үшін әзірленген алгоритмнің өзі болып саналады [16].

Ұсынылып отырған ISL_LWC жеңілсалмақты шифрлау алгоритмінің жылдамдығын аппаратты түрде бағалау Arduino UNO тақтасында жүргізілді (5-сурет).

Arduino UNO тақтасының негізгі сипаттамалары төменде көрсетілген:

1. Микроконтроллер – ATmega 328.
2. Жиілігі – 16 MHz.
3. Кернеуі – 5 V.
4. Флэш жады – 32 МВ.




5-сурет. Arduino Uno R3 тақтасы

ISL_LWC шифрлау алгоритмі Visual Studio 2013 C++ бағдарламалау тілінде және арнайы Arduino IDE кітапханасына негізделе отырып жазылды. Сонымен қатар алгоритмнің жылдамдықтарын салыстыру үшін белгілі Present, Speck алгоритмдерінде бағдарламалық және Arduino IDE платформасында арнайы жазылып салыстырулар жүргізілді. ISL_LWC алгоритмінің зерттелген салыстырмалы нәтижелері 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. ISL_LWC алгоритмінің салыстармалы нәтижелері

Параметрлері	Жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдері		
	Present	Speck	ISL_LWC
Негізгі кілт ұзындығы (bit)	80	96	80
Ашықмәтін блок ұзындығы (bit)	64	64	64
Шифрлау уақыты (μ s)	2111,56	16,90	108,59
Раундтық кілт жасау уақыты (μ s)	1541,31	1320,69	275,12

ISL_LWC шифрлау алгоритмінің бағдарламалық сипаттамасы. Мақаладағы ISL_LWC шифрлау алгоритмінің Visual Studio 2013 C++ бағдарламалау тілінде жүзеге асырылған бағдарламасы "ISL_LWC 1.0" файлдарды шифрлау атауымен аталынып арнай авторлық құқық куәлігі алынды. Бағдарламаның негізгі беті 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. ISL_LWC алгоритмінің шифрлау бағдарламасы

Жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдерінің жылдамдығын салыстыру мақсатында 25,5 МБ өлшемді .pdf файлы таңдалып алынды. Таңдалған файлды Present, Speck, ISL_LWC алгоритмі арқылы шифрлап және шифрланған файлдың уақыттары салыстырылды (5-кесте).

5-кесте. Алгоритмдердің шифрлау жылдамдығының салыстырмалы нәтижесі

Жеңілсалмақты шифрлау алгоритмдері	Файл өлшемі	Шифрлау жылдамдығы	Жүзеге асырылған компьютердің сипаттамасы
Present	25,5 Mb	5,13 сек	Intel(R) Core(TM) i7-10700 CPU @ 2.90GHz 2.90 GHz RAM 16Gb, Windows 10 64bit
Speck		1,20 сек	
ISL_LWC		1,33 сек	

S блоктың қасиеттерін зерттеу нәтижесі. ISL_LWC алгоритмінің құрамындағы маңызды түрлендіру әдістерінің бірі 1-кесте және 2-кестеде көрсетілген S блоктар екендігі белгілі. Себебі бұл алгоритмнің криптоберіктілігіне жауап беретін негізгі түрлендіру әдісі болып табылады. Ал S блокты зерттеудің әртүрлі әдістері бар солардың бірі оның қасиеттерін зерттеу болып табылады. S блоктың қасиеттеріне хэмминг салмағын, хэмминг қашықтығы, сызықсыздық минималды және максималды мәні, корреляциялық минималды және максималды мәні, автокорреляциялық минималды және максималды мәні, теңестірілген немесе теңестірілмеген, SSI (sum-of-squares indicator) мәні [17, 18].

Енді жоғарыда ұсынылып сипаттамалардың негізгі ұғымдары мен анықтамаларына тоқталсақ. Теңестірілген деп Бульдік функцияның ақиқаттар кестесіндегі мәндер жиынындағы «0» мен «1»-дің тең болуы: $hw(f) = 2^{n-1}$.

Аффиндық функция деп $f = a_1x_1 \oplus a_2x_2 \oplus a_3x_3 \oplus \dots \oplus a_nx_n$, $a_i \in GF(2)$, $i = \overline{1, n}$ түрде берілген бірінші дәрежелі алгебралық қалыпты форманы айтамыз, егер $a_1 = 0$ болса, онда f функциясы сызықты деп аталады.

α векторының Хэмминг салмағы деп тізбектегі бірліктер саны және ол $hw(\alpha)$ түрінде белгіленеді: $hw(\alpha) = \sum_{x=1}^{2^n} f(\alpha)$.

Хэмминг қашықтығы $hd(f, g)$ деп екі тізбектің сәйкес келетін позициядағы тең болмайтын мәндерінің саны (яғни нөлдік емес вертикалды биграммалар саны), мұндағы $hd(f, g) - f$ және g функцияларының сәйкес позициядағы тең емес мәндерінің саны: $hd(f, g) = \sum_{x=1}^{2^n} f(x) \oplus g(x)$.

N_s түрлендіруінің сызықсыздығы деп S түрлендіруінің шығыс тізбегі мен өрістегі барлық аффиндық функциялардың шығыс тізбектерінің арасындағы ең кіші мәнді айтамыз Хэмминг (минималды) қашықтығы келесі формула бойынша есептеледі:

$N_s = \min\{d(S, l)\}$, мұндағы l – аффиндық функциялар жиыны.

N_f функцияның сызықсыздығы деп f функциясы мен $GF(2^n)$ өрісіндегі барлық аффиндық функциялардың арасындағы ең кіші Хэмминг қашықтығы:

$N_f = \min\{hd(f, \varphi)\}$, мұндағы φ – аффиндық функциялар жиыны.

Бульдік функциясының алгебралық қалыпты формасы деп (Жегалкин көпмүшелігі) келесі өрнекті айтамыз: $f(x_1, x_2, \dots, x_n) = a_0 \oplus a_1x_1 \oplus a_2x_2 \oplus a_3x_3 \oplus \dots \oplus a_nx_n \oplus a_{12}x_1x_2 \oplus a_{i,i+j}x_i \dots x_{i+j} \oplus \dots \oplus a_{12\dots n}x_1x_2 \dots x_n$, $a_i \in GF(2)$, $i = \overline{0, n}$. Бульдік функцияның дәрежесі деп алгебралық қалыпты форманың (АҚФ) коэффициенті нөлден өзгеше мономдардың ең жоғары дәрежесі айтылады.

$GF(2^n)$ өрісіндегі f функциясының $F(w)$ Уолш түрлендіруі $F(W) = 2^{-n} \sum_x (-1)^{f(x) \oplus (\varphi, x)}$ функциясының нақты мәндерді қабылдауымен анықталады, мұндағы $\langle \varphi, x \rangle$ – скаляр көбейтінді.

$f(x)$ бульдік функциясы мен барлық сызықты функциялар жиыны арасындағы корреляциялық мән Уолш түрлендіруі ретінде анықталады: $W(\varphi) = \sum_{x=1}^{2^n} (-1)^{f(x) \oplus (\varphi, x)}$.

$r_f(\alpha)$ автокорреляциялық функциясы $f(x)$ бульдік функциясының ақиқаттар кестесіндегі $\alpha \in GF(2^n)$ бағытындағы барлық айнымалылар үшін функцияның туындысы болып табылады және келесідей түрде беріледі: $r_f(\alpha) = \sum_{x=1}^{2^n} (-1)^{f(x) \oplus f(x \oplus \alpha)}$. $r_f(\alpha)$ автокорреляциялық функция – $f(x)$ функциясы α орынға жылжитқанда өзінен қаншалықты өзгередінін білдіреді, басқаша оны индикатор деп атаймыз [19].

Автокорреляциялық функцияның максималды абсолютті мәні келесідей анықталады: $|AC|_{max} = \max_{\alpha} |r_f(\alpha)|$.

Ал SSI «квадраттар қосындылары» келесі формуламен анықталынады (sum-of-square indicators): $\sigma = \sum_{x=1}^{2^n} r_f^2(\alpha)$.

Ұсынылып отырған алгоритмнің құрамындағы S блокты Бульдік функциялардың қасиеттері негізінде зерттелген және Present алгоритмінің S блогының салыстырмалы нәтижелері 6-кестеде көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген S блоктың қасиеттерінің жақсы нәтиже көрсетуі шифрлау алгоритмдерінің криптоберіктілігіне әсер ететін критерийлердің бірі болып табылады.

Егерде S блоктың сызықсыздық анықталаса онда алгоритмге шабул жасаушы тарапынан қандайда бір осальдылықты табу қиынға түсетіні белгілі. Себебі алгоритмге жүргізілетін сызықты криптоталдау нәтижесіндегі алынған мәндер, S блоктың

сызықсыздығына тікелей байланысты алынады. Сызықсыздық минималды/максималды мәні төрт биттік S блок үшін 8-ге жақын болған сайын жоғары нәтиже көрсетеді. Бірақ зерттеу нәтижесіндегі мәндерді нашар деп айтуға негізсіз. Олардан алынған мәндерден басқа алгоритмнің криптоберіктілігіне жауап беретін криптографиялық түрлендірулердің нәтижелер әсер етеді. Ал теңестірілген нәтижесінде «0» мен «1»-дің тең болуы алгоритмнің лавиндік әсерінің жоғары болғандығын көрсетеді. Алгоритмде лавиндік әсерінің жоғары болу нәтижесі статистикалық бағалуда және дифференциальды криптоталдаудың жақсы нәтиже көрсетуінің критерийлерінің бірі болып табылады.

6-кесте. S блоктың қасиеттерінің салыстырмалы нәтижесі

№	S блоктың қасиеттері	Алгоритмдер		
		ISL_LWC		Present
		S box 1	S box 2	
1	Хэмминг салмағын	8	8	8
2	Хэмминг қашықтығы	8	8	8
3	Сызықсыздық минималды / максималды мәні	4/14	4/14	4/12
4	Корреляциялық минималды / максималды мәні	-12/8	-12/8	-8/8
5	Автокорреляциялық минималды / максималды мәні	-16/8	-16/8	-16/16
6	Теңестірілген	иә	иә	иә
7	SSI минималды / максималды мәні	640/1408	640/1408	640/1024

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазір уақыттағы жаңарған технологиялардың талаптарына сай келетін ақпаратты қорғау алгоритмдерін жасау өзекті болып табылады. Бұл мақалада шекті құрылғылардағы ақпараттарды қорғауға арналған жаңа ISL_LWC шифрлау алгоритмі жүзеге асырылды. Алгоритмнің құрамындағы әрбір түрлендірулерге сипаттама беріліп атқаратын негізгі мақсаты сипатталған. Сонымен қатар ISL_LWC шифрлау алгоритмінің файлдарды шифрлау жылдамдығын тексеру аппаратты түрде жүзеге асыру үшін Arduino Uno R3 тақтасы және Visual Studio 2013 C++ бағдарламалау тілінде жүзеге асырылды. Салыстыру қазіргі уақыттағы NIST стандарттарын кіретін Present, Speck алгоритмдері арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне сай ұсынылып отырған ISL_LWC шифрлау алгоритмінің құрамындағы қолданылған түрлендірулер жылдам жұмыс жасайтындығы NIST талаптарына сай келетіндігі анықталды. Сонымен қатар сызықты емес түрлендіру S блоктың қасиеттері зерттелініп салыстырма талдау жүргізілді. Хэмминг салмағы теңестірілгендігі және хэмминг қашықтығының 8-ге тең болуы S блоктың шығыс мәніндегі тізбектің жақсы шашыратылғанын көрсетеді, яғни «0» мен «1»-дің саны тең. Ал сызықсыздық минималды/максималды мәні, корреляциялық минималды / максималды, SSI минималды / максималды мән нәтижелерінде ауытқулар анықталған бірақ ауытқулар нашар S блок дегенді білдірмейді. Жалпы алынған нәтижелер S блокқа қойылатын талаптарды қанағаттандырады. Алгоритмнің криптоберіктілігі келесі зерттеу жұмыстарында зерттелініп нәтижелері ұсынылатын болады.

Алғыс. Бұл мақаладағы зерттеу жұмыстар ҚР ҒжЖБМ AP09259570 «Шектелген ресурстар үшін отандық жеңілсалмақты шифрлау алгоритмін құру және зерттеу» гранттық жоба негізінде жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. El-hajj M, Mousawi H, Fadlallah A. Analysis of Lightweight Cryptographic Algorithms on IoT Hardware Platform. *Future Internet*. 2023; 15(2):54. <https://doi.org/10.3390/fi15020054>
2. Podimatas P, Limniotis K. Evaluating the Performance of Lightweight Ciphers in Constrained Environments – The Case of Saturnin. *Signals*. 2022; 3(1):86-94. <https://doi.org/10.3390/signals3010007>
3. Hanacek, N. (2023). NIST Selects 'Lightweight Cryptography' Algorithms to Protect Small Devices. <https://www.nist.gov/news-events/news/2023/02/nist-selects-lightweight-cryptography-algorithms-protect-small-devices>
4. Hasan, H., Ali, G., Elmedany, W., Balakrishna C. (2022) Lightweight Encryption Algorithms for Internet of Things: A Review on Security and Performance Aspects [International Conference on Innovation and Intelligence for Informatics]. *Computing and Technologies (3ICT)*, pp. 239-244, doi: 10.1109/3ICT56508.2022.9990859.
5. Tang, Zh., Cui, J., Zhong, H., Yu, M., (2016). A Random PRESENT Encryption Algorithm Based on Dynamic S-box International. *Journal of Security and Its Applications*, 10(3), 383-392 <http://dx.doi.org/10.14257/ijisia.2016.10.3.33>
6. Shirai, T., Shibutani, T., Akishita, K., et al.(2007). The 128-bit blockcipher CLEFIA. *FSE 2007. LNCS.* – Vol. 4593, 181-195.
7. Kerry, A.M., Larry, B., Meltem, S.T., Nicky, M.(2017). Report on Lightweight Cryptography. <https://doi.org/10.6028/NIST.IR.8114>
8. NIST, (2018). Submission Requirements and Evaluation Criteria for the Lightweight Cryptography Standardization Process. <https://csrc.nist.gov/CSRC/media/Projects/Lightweight-Cryptography/documents/final-lwc-submission-requirements-august2018.pdf>
9. Ishhukova, E.A., Tolomanenko, E.A. (2019) Analiz algoritmov shifrovaniya maloresursnoj kriptografii v kontekste interneta veshhej. *Sovremennye naukoemkie tehnologii*, 3(2), 182-186. <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=37462>
10. Ischukova, E.A., Tolomanenko, E.A. (2019). Analysis of the algorithms for encryption of lightweight cryptography in the context of the Internet of Things [Modern High Technologies], No. 3-2. – Pp. 182-186, URL: <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=37462>
11. Babenko, L.K., Golotin, D.V., Makarevich, O.B. (2016). Sozdanie i issledovanie maloresursnoj realizacii potochno go shifra Trivium. *Izvestija JuFU*, № 12, 42-54.
12. Alghamdi, Y., Munir, A. An Image Encryption Algorithm Based on Trivium Cipher and Random Substitution. *SN COMPUT. SCI.* 4, 713 (2023). <https://doi.org/10.1007/s42979-023-02172-7>
13. Suhail, A., Mir, N., Mehvish, A., Ishfaq, S., Tariq, B. M. (2022). FPGA Implementation of PRESENT Block Cypher with Optimised Substitution Box [2022 Smart Technologies], *Communication and Robotics (STCR)*, pp.1-6. doi: 10.1109/STCR55312.2022.10009366.
14. Babenko, L.K., Bepalov, D.A., Makarevich, O.B., Chesnokov, R.D., Trubnikov, Ja.A. (2014). Razrabotka i issledovanie programmno-apparatnogo kompleksa shifrovaniya po algoritmu Present dlja resheniya zadach maloresursnoj kriptografii. *Izvestija JuFU*. – № 2, 174-180.
15. Zhukov, A.E. (2015). Legkovesnaja kriptografija. *Chast' 1. Voprosy kiberbezopasnosti*, № 1, 26-43.
16. Barański, R., Galewski, M., Nitkiewicz, S. (2019). The study of Arduino Uno feasibility for DAQ purposes. *Diagnostyka*, 20(2), 33-48. <https://doi.org/10.29354/diag/109174>
17. Дюсенбаев Д.С., Алғазы К.Т., Сақан Қ.С. Симметриялы шифрларда қолданылатын сызықты емес түйіндерді зерттеу // Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы информационной безопасности в Казахстане». – Алматы. 11 июня 2021 г. – С. 34-38.
18. Сейткулов Е., Оспанов Р., Ергалиева Б. О криптографических свойствах S-блоков // *Вестник КазНУ*, 2021, №143(4). – С.96-103 // <https://doi.org/10.51301/vest.su.2021.i4.12>.
19. Ibrahim, N. and Agbinya, J. (2022) A Review of Lightweight Cryptographic Schemes and Fundamental Cryptographic Characteristics of Boolean Functions. *Advances in Internet of Things*, 12, 9-17. doi: 10.4236/ait.2022.121002.

References

1. El-hajj M, Mousawi H, Fadlallah A. Analysis of Lightweight Cryptographic Algorithms on IoT Hardware Platform. *Future Internet*. 2023; 15(2):54. <https://doi.org/10.3390/fi15020054>
 2. Podimatas P, Limniotis K. Evaluating the Performance of Lightweight Ciphers in Constrained Environments – The Case of Saturnin. *Signals*. 2022; 3(1):86-94. <https://doi.org/10.3390/signals3010007>
 3. Hanacek, N. (2023). NIST Selects 'Lightweight Cryptography' Algorithms to Protect Small Devices. <https://www.nist.gov/news-events/news/2023/02/nist-selects-lightweight-cryptography-algorithms-protect-small-devices>
 4. Hasan, H., Ali, G., Elmedany, W., Balakrishna C. (2022) Lightweight Encryption Algorithms for Internet of Things: A Review on Security and Performance Aspects [International Conference on Innovation and Intelligence for Informatics]. *Computing and Technologies (3ICT)*, pp. 239-244, doi: 10.1109/3ICT56508.2022.9990859.
 5. Tang, Zh., Cui, J., Zhong, H., Yu, M., (2016). A Random PRESENT Encryption Algorithm Based on Dynamic S-box International. *Journal of Security and Its Applications*, 10(3), 383-392 <http://dx.doi.org/10.14257/ijisia.2016.10.3.33>
 6. Shirai, T., Shibutani, T., Akishita, K., et al.(2007). The 128-bit blockcipher CLEFIA. *FSE 2007*. LNCS, vol. 4593. – 181-195.
 7. Kerry, A.M., Larry, B., Meltem, S.T., Nicky, M.(2017). Report on Lightweight Cryptography. <https://doi.org/10.6028/NIST.IR.8114>
 8. NIST, (2018). Submission Requirements and Evaluation Criteria for the Lightweight Cryptography Standardization Process. <https://csrc.nist.gov/CSRC/media/Projects/Lightweight-Cryptography/documents/final-lwc-submission-requirements-august2018.pdf>
 9. Ishhukova, E.A., Tolomanenko, E.A. (2019) Analiz algoritmov shifrovaniya maloresurnoj kriptografii v kontekste interneta veshhej. *Sovremennye naukoemkie tehnologii*, 3(2), 182-186. <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=37462>
 10. Ischukova, E.A., Tolomanenko, E.A. (2019). Analysis of the algorithms for encryption of lightweight cryptography in the context of the Internet of Things [Modern High Technologies], No. 3-2, pp. 182-186, URL: <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=37462>
 11. Babenko, L.K., Golotin, D.V., Makarevich, O.B. (2016). Sozdanie i issledovanie maloresurnoj realizacii potocnogo shifra Trivium. *Izvestija JuFU*, № 12, 42–54.
 12. Alghamdi, Y., Munir, A. An Image Encryption Algorithm Based on Trivium Cipher and Random Substitution. *SN COMPUT. SCI*. 4, 713 (2023). <https://doi.org/10.1007/s42979-023-02172-7>
 13. Suhail, A., Mir, N., Mehvish, A., Ishfaq, S., Tariq, B. M. (2022). FPGA Implementation of PRESENT Block Cypher with Optimised Substitution Box [2022 Smart Technologies], *Communication and Robotics (STCR)*, pp.1-6. doi: 10.1109/STCR55312.2022.10009366.
 14. Babenko, L.K., Bepalov, D.A., Makarevich, O.B., Chesnokov, R.D., Trubnikov, Ja.A. (2014). Razrabotka i issledovanie programmno-apparatnogo kompleksa shifrovaniya po algoritmu Present dlja resheniya zadach maloresurnoj kriptografii. *Izvestija JuFU*, № 2, 174–180.
 15. Zhukov, A.E. (2015). Legkovesnaja kriptografija. Chast' 1. *Voprosy kiberbezopasnosti*, № 1, 26–43.
 16. Barański, R., Galewski, M., Nitkiewicz, S. (2019). The study of Arduino Uno feasibility for DAQ purposes. *Diagnostyka*, 20(2), 33-48. <https://doi.org/10.29354/diag/109174>
 17. D.S. Dyusenbaev, K.T. Alghazy, K.S. Sakan. Study of non-linear nodes used in symmetric ciphers // Materials of international scientific-practical conference "Actual problems of information security in Kazakhstan". - Almaty. June 11, 2021. – P. 34-38.
 18. Seitkulov E., Ospanov R., Yergaliev B. On cryptographic properties of S-blocks // *Vestnik KazNITU*, 2021, №143(4), – C.96-103 // <https://doi.org/10.51301/vest.su.2021.i4.12>. (in Russian.)
 19. Ibrahim, N. and Agbinya, J. (2022) A Review of Lightweight Cryptographic Schemes and Fundamental Cryptographic Characteristics of Boolean Functions. *Advances in Internet of Things*, 12, 9-17. doi: 10.4236/ait.2022.121002.
-
-

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
ИНФОРМАЦИОННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ
INFORMATION SECURITY

DOI 10.51885/1561-4212_2024_2_210
МРНТИ 81.93.29

А.Е. Хохлова¹, О.Е. Бакланова², Ш.Т. Тезекпаева³

Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

¹E-mail: nsox2021@mail.ru

²E-mail: obaklanova@ektu.kz*

³E-mail: shtezekpaeva@ektu.kz

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА НАИВНОГО БАЙЕСА ПРИ РЕШЕНИИ ЗАДАЧИ ФИЛЬТРАЦИИ СПАМА

СПАМДЫ СҮЗУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕ АҢҒАЛ БАЙЕС ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

APPLICATION OF THE NAIVE BAYES METHOD IN SOLVING THE SPAM FILTERING PROBLEM

Аннотация. Актуальность исследования темы фильтрации спама заключается в том, что в настоящее время спам остается одной из самых крупных проблем, с которыми сталкивается интернет-сообщество. В настоящий момент эта проблема не решена до конца, так как появляются всё новые способы организации вредоносной или просто неприятной рассылки.

Один из локальных методов фильтрации спама – байесовская фильтрация. Это широкий класс алгоритмов классификации, основанный на принципе максимума апостериорной вероятности. Цель исследования заключается в оценке эффективности применения метода наивного Байеса в качестве метода фильтрации спама и выявить его преимущества и недостатки по сравнению с другими методами. Целесообразность исследования заключается в том, что наивный Байес является одним из самых популярных и доступных методов фильтрации спама. Этот метод основан на простых принципах и позволяет эффективно решать проблему фильтрации спама, используя минимум ресурсов. Практическая значимость исследования данного метода заключается в том, что по сравнению с другими алгоритмами классификации, метод наивного Байеса имеет высокую скорость обучения и может обрабатывать большое количество функций.

Ключевые слова: спам; фильтрация; условная вероятность; конфиденциальность; вредоносные рассылки; электронная почта, байесовская фильтрация

Аңдатпа. Спамды сүзу тақырыбын зерттеудің өзектілігі-қазіргі уақытта спам Интернет-қауымдастықтың алдында тұрған ең үлкен мәселелердің бірі болып қала береді. Қазіргі уақытта бұл мәселе толығымен шешілмеген, өйткені зиянды немесе жай ғана жағымсыз ақпараттық бюллетеньді ұйымдастырудың барлық жаңа тәсілдері пайда болады

Байес фильтрациясы – максималды артқы ықтималдық принципіне негізделген жіктеу алгоритмдерінің кең класы. Зерттеудің мақсаты – аңғал Байесті спамды сүзу әдісі ретінде қолданудың тиімділігін бағалау және оның басқа әдістермен салыстырғанда артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау. Зерттеудің орындылығы-аңғал Байес спамды сүзудің ең танымал және қол жетімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс қарапайым принциптерге негізделген және ең аз ресурстарды пайдалана отырып, спамды сүзу мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік береді. Бұл әдісті зерттеудің практикалық маңыздылығы басқа жіктеу алгоритмдерімен салыстырғанда, аңғал Байес әдісі жоғары оқу жылдамдығына ие және көптеген функцияларды өңдей алады.

Түйін сөздер: спам; сүзу; шартты ықтималдық; құпиялылық; зиянды хабарлар; электрондық пошта, Байес сүзгісі

Abstract. The relevance of the study on spam filtering lies in the fact that spam remains one of the biggest problems faced by the internet community. Currently, this problem has not been fully solved as new ways of organizing malicious or just unpleasant mailing are appearing.

In this work, one of the local methods of filtering, Bayesian filtering, has been considered. Bayesian filtering is a wide class of classification algorithms based on the principle of maximum a posteriori probability. The goal of the research is to assess the effectiveness of using Naive Bayes as a method of spam filtering. The expediency of the study lies in the fact that Naive Bayes is one of the most popular and affordable methods of spam filtering. This method is based on simple principles and allows you to effectively solve the problem of spam filtering using a minimum of resources. The practical significance of the study of this method lies in the fact that, compared with other classification algorithms, the Naive Bayes method has a high learning rate and can process a large number of functions.

Keywords: spam; filtering; conditional probability; confidentiality; malicious mailings; email, Bayesian filtering.

Введение. Спам – это массово рассылаемые рекламные сообщения конкретных людей или организаций для тех, кто не желает получать таковые сообщения. С появлением в современном мире сети Интернет и связанной с ней электронной почтой резко возникла потребность в фильтрации спама в связи с тем, что распространение спам-сообщений стало очень частым явлением для владельцев виртуальных ящиков. В настоящий момент эта проблема не решена до конца, так как появляются всё новые способы организации вредоносной или просто неприятной рассылки [1,2].

Фильтрация спама является важным аспектом информационной безопасности в электронной почте. Существует множество методов и алгоритмов, которые используются для фильтрации спама, одним из них является метод наивного Байеса [3]. Наивный Байес – это простой и эффективный метод классификации, который основывается на предположении о независимости признаков. Цель данного исследования – эффективность и применимость метода наивного Байеса в процессе фильтрации спама, а также выявить возможные проблемы и пути их решения. Основными задачами исследования являются:

1. Исследовать существующие методы фильтрации спама и оценить их эффективность.
2. Разработать и описать метод наивного Байеса для фильтрации спама.
3. Подтвердить или опровергнуть гипотезу о том, что метод наивного Байеса является эффективным инструментом для фильтрации спама.
4. Рассмотреть перспективы дальнейшего развития и применения метода наивного Байеса для фильтрации спама.

Литературный обзор. Фильтрация спама является одной из самых важных проблем в электронной почте. Она необходима, чтобы отделить ценную информацию от мусора. Решение этой проблемы стало важным направлением в компьютерных науках, и в последние годы метод наивного Байеса стал одним из наиболее изучаемых и используемых методов фильтрации спама. Множество исследований было посвящено эффективности этого метода, а также его сравнению с другими методами фильтрации спама. Например, в статье «An overview of recent trends in email spam filtering techniques» [4] были рассмотрены различные методы фильтрации спама, включая методы машинного обучения, байесовскую фильтрацию и использование базы данных черных списков. Был сделан вывод, что наилучшие результаты показали методы машинного обучения. При рассмотрении различных методов машинного обучения в статье «Spam filtering using machine learning algorithms: a review» [5] был проведен анализ сильных и слабых сторон различных методов и выработаны рекомендации для выбора наилучшего метода в зависимости от конкретных потребностей. По результатам сравнения одним из лучших алгоритмов машинного обучения для фильтрации спама является байесовская фильтрация. Для повышения эффективности фильтрации был предложен метод, который объединяет в себе несколько байесовских классификаторов [6]. Также для улучшения точности фильтрации спама применяется использование метода наивного Байеса в сочетании с другими методами машинного обучения, такими как дерево решений [7].

Материалы и методы исследования. На сегодняшний день для борьбы со спамом существует множество методов по его устранению. Все методы борьбы можно разделить по способу их организации на две категории: распределенные и локальные [8] (рис. 1).



Рисунок 1. Алгоритмы фильтрации спама

Распределенные методы предполагают участие в сборе информации о спаме от большого числа независимых почтовых систем, которые обмениваются данными между собой. Каждая из систем-участниц предоставляет необходимую (специфичную для каждого метода) информацию о проходящем через нее почтовом трафике, тем самым пополняя базу данных информации о спаме. Качество фильтрации достигается привлечением как можно большего числа участников и совершенствованием механизмов сбора и анализа информации о спаме. Чем больше точек сети предоставляют информацию о спаме и чем качественнее эта информация, тем полнее становится картина действий спамеров и тем эффективнее можно с ними бороться. Однако в рамках распределенных методов фильтрации спама отсутствует возможность тонкой настройки фильтра в отдельно взятой почтовой системе.

Локальные методы работают в рамках одной почтовой системы и не используют для работы внешних ресурсов. Так как эти методы не предполагают получения информации о спаме из внешних источников, то каждый раз при изменении вида входящих писем или тактики спамеров, приводящих к большому числу ошибок фильтра, настройка фильтра под характер почтового трафика и работа по повышению качества фильтрации полностью ложится на администратора. Но, в отличие от распределенных методов фильтрации, локальные методы изначально имеют возможность тонкой адаптации под конкретную почтовую систему.

Наивные байесовские классификаторы [9, 10] – популярный локальный метод фильтрации электронной почты. Обычно они используют функции набора слов для идентификации спама по электронной почте – подход, используемый при классификации

